


# П И О Н Е Р



Н О Я Б Р Ъ

1954 Ж Ы Л  
А Л М А Т Ы

№ 11



## „АВРОРА“


Революция таңында  
Халыққа ашып құшағын,  
„Аврора“ жар салды:  
„Қыйрады құлдық құрсауы“

Халықтың жаны шаттанды  
Түншықтырып душпанын.  
Қуттықтады жеңіспен  
Даньшпан Ленин, Сталин.

Өтсе де көп жыл арада  
Шомылып Нева суына,  
„Аврора“ тұр кір шалмай,  
Ие боп ерлік туына.

*Ғалым Сейтназаров,*

Қарақалпақ АССР-ы.







# ПИОНЕР

№ 11


НОЯБРЬ

1954 жыл

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

Айына бір рет шығады.

Шығуына 16 жыл.



## Түнгі мәжіліс

(«Қысқы сарайға шабуыл» деген кітаптан үзінді,

Л. Савельев

Поезд қала маңындағы Удельная станциясына жаңа ғана келіп тоқтасымен, жолаушылар асыға-үсіге вагондарынан шыға бастады. Оларды тұтқыйылдан юнкерлер<sup>1</sup> қоршап алды да, документтерін тексеруге кірісті: юнкерлер Ленинді іздеп жүр еді.

Осы сәтте поезд паровозы вагондерден ағытылды да, кейін қарай сырғый жөнелді. Сәлден соң кенет тоқтай қалды. Паровоздың табалдырығынан көзілдірік киген ақ-

шашты, орта бойлы кісі секіріп түсті. Ол кең жиекті қара қалпағын маңдайына баса киіп, рельстерді кесіп өтіп, тез басып жүріп кетті.

Бұл Ленин еді. Владимир Ильич қалаға, Выборг жағына жаяу тартты. Онда Сампсониев проспектісі мен Сердоболь көшесінің бұрышындағы 9211 үйден партия оған кұпия пәтер дайындап қойған еді. Владимир Ильичке жеке бөлме арналған.

Пәтердің балконының қасынан су ағатын труба өтетін. Бұл кенеттен қауіп-қатер

<sup>1</sup> Юнкерлер — патшалық әскери училищелердің оқушылары, болашақ офицерлер.



төне қалған жағдайда трубаның ішімен төмен түсіп, аулаға шығуға қолайлы еді. Ал, ауланы қоршаған дуалдың бір тақтайы керек болғанда шығып кету үшін әдейі алынып қойылған. Сөйтіп бәрі де алдын-ала ескерілген-ді.

Бұл құпия пәтерге Ленин 1917 жылы 7 октябрь күні келіп орналасты.

Келесі күні Ленин Сталинмен жолықты. Бұл жолығысу бірнеше сағатқа созылды. Владимир Ильичке Сталин көтеріліске әзірліктің қалай жүріп жатқандығын баяндады.

Ленин 10 октябрьде кешке 3 айлық үзілістен кейін, тұңғыш рет Орталық Партия Комитетінің мәжілісіне келді.

Бұл бір ауа райы қолайсыз кеш еді. Суық жаңбыр құйып тұр, долдана соққан жел жалаңаш ағаштардың басын жерге иіп, үйлердің терезесіне соғады, дымқыл, салқын қараңғы түн.

Қою қараңғылықтан екі-үш адым жердегі адамды тану мүмкін емес-ті.

Мынау 32-үйде большевиктер бас қосып, осы сәтте адам баласы тарихының бүкіл барысын өзгертетін қарар қабылдап жатыр деген ой Қарповка өзенін бойлап, некен-саяқ өткендердің ешбірінің басына келген жоқ.

Ленин бөлменің бұрышында, пештің қасындағы кішкентай столдың қасында отыр. Анау күндердегісіндей, ол бүгін де ақ шашты парик киген. Лениннің қасында Сталин мен Свердлов.

Ленин сөз алды да, сөйлеп кетті. Бұл бір ғажайып сөз еді.

Шешуші айқас алдындағы қолбасыдай, Ленин большевиктер тірек ете алатын күштерді еске алды. Жеңіске жету үшін осы халық күштерін қалай бөліп, қайда бағыттауды үйретті ол.

Бұл — революционердің, қолбасының, ғалымның сөзі еді. Ленин сөйлегенде, жұрттың бәрі бір адамның емес, бүкіл көп миллиондаған халықтың даусын, оның жүрегінің тынысын естігендей, халықтың ең шы-

найы арманын, оның мойымас жігерін танығандай сезінді...

Орталық Комитет көтерілісті бастауға уақыт жеткендігі жөніндегі Ленин пікірін құптады. Алайда, арадан Лениннің ұсынысына қарсы, көтеріліске қарсы дауыс берген екі адам табылды. Бұлар революционерлердің атын жамылғанымен, іс жүзінде капиталистердің құпия қолшоқпары, су жүрек, опасыз Зиновьев пен Каменев болатын.

Орталық Комитет Лениннің ұсынысын қабылдады.

Тарихи мәжіліс түн ортасында жабылды да, Орталық Комитеттің мүшелері бір-бірлеп тарай бастады.

Далада бағанағы сабалаған жаңбыр әлі жауып тұрған, сол бұрынғысындай әрі суық әрі қараңғы болатын. Бірде-бір терезеден жарық көрінбейді. Жұрттың бәрі әлдеқашан жатып қалған.

Бұл түні не қаладағы, не дүние жүзіндегі ешбір жан большевиктердің көтеріліс жөнінде қарар қабылдап, бүкіл адам баласы тарихының бойында ең батыл, ең ұлы істі бастағанын білген де жоқ.

Орталық Комитеттің келесі, кең мәжілісінде — 16 октябрь күні — Ленин көтеріліс жөнінде екі сағаттай баяндама жасады.


Қорқақ, опасыз Каменев пен Зиновьев тағы да көтеріліске қарсы шықты.

Ленин мен Сталин опасыздарға өлтіре соққы беріп, олардың тас-талқанын шығарды.

Лениннің ұсынысы бойынша көтерілісті басқару жөнінде Сталин жолдас бастаған Партиялық Орталық сайланды. Бұған сонымен бірге Свердлов, Дзержинский және Урицкий кірді.

Партиялық Орталық Петроград советі жанындағы революциялық-соғыс комитетінің жетекші ұйтқысы болды.

Революциялық-соғыс комитеті большевиктер қабылдаған көтеріліс жоспарын жүзеге асыруға, ол көтерілісті басқаруға тиісті еді.





# Сәуле

Әңгіме

Суреттерін салған В. Сибирцев.

Мерекеге арнап мамасының тігіп берген жаңа көйлегін Сәуле апыл-ғұпыл киді де жүгіре басып, кабырғадағы шар айнаның алдына барды. Сол сәтте аржағынан жасырынып шыға келгендей айна бетінен оның өз тұлғасы көріне кетті. Жаңа үлгімен тігілген, көбелек гүлді ақ жібек көйлек талдырмаш денесіне әсем қона қалған. Қыйықша жағасы мен жылтыр ақ түймелері де жарасымды. Ашаң қызылшырайлы жүзі өзіне күлімсірей қарайды.

Көйлегінің етегі көрінбеген соң Сәуле кейінірек шегінді. Тағы да көрінбеді. Ол артымен шегініп тіпті кейін кетті. Айнадағы суреті кішірейіп, етегі дөңгелене тізесіне түсіп тұрғанын көргенге дейін шегінді... Қайтадан айнаға таяу келді. Қолдарын жоғары көтеріп те, екі жағына бұрылып та байқады. Көйлегі тіпті келісімді.

Сәуле әбден көңілденді. Баяу әндете жүріп, жаңа көйлегіне қызыл галстугін жарастыра тақты. Сонсоң төргі бөлмеде іс тігіп отырған мамасына қуана:

— Мама, мен Зейнепке барамын, — деп дауыстады.

— Бара ғой, қалқам...

Сәуле үйінен шығысымен асыға жүріп, Амангелді көшесіне келіп түсті. Мұнда жүргіншілер көп екен. Демалыс күні көшеге қала адамдарының толып кететін әдеті емес пе. Оған орай, бүгін ауа райы да тамаша! Таң алдында жауған жаңбыр күн шыға басылып, аспан шайдай ашылған. Жаңбыр жауған көше асфальті қала үйлерінен жаңа асып көтеріліп келе жатқан күн көзіне шағылыса жарқырайды. Көше бойындағы талдардың суланған жапырақтары жалт-жұлт құлпырады. Айналадағы заттардың бәрі тегіс күлімдеп тұрғандай. Ауа да жаңарып, тынысты кеңіте түскен. Бұл сүйкімді шақ адамды үйден далаға еріксіз шығарғандай.

Сәуле иықшаларын қайта-қайта қомдап қойып жүріп келеді. Көшеде қарсы ұшырасқандардың бәрі де оған әдейі тесіле қа-



рап өткендей көрінеді. Қайсы бірі тіпті көйлегіне қызыққандай жымыйысып та қоятын сыяқты. Әне бір кішкентай қыздың әдейі қапталдаса жүріп, көз айырмай келе жатқанын қарашы. Міне, көшемен трамвай да зулап өте шықты. Ондағылар да терезеден көз тастап кеткендей болды.

Ол қадамын бұрынғыдан да жиілетті. Осы көйлегін жолдас қызы Зейнепке көрсетуге асығулы. «Жақсы емес пе, ә?» — деп масаттанбақ та ойы бар. «Ол да осындай көйлек тіктірсе. Сосын екеуміз бірдей киініп...»

Оның бұл ойын кесекөлденең көшеден ұшырасқан әйел бөліп жіберді. Жас бала көтерген, оң қолында чемоданы бар әйел келе жатты. Жүгін ауырлағандай баяу жүреді. Үлкендеу чемоданы ебедейсіз қозғалып, оң тізесіне соғылып та кетеді. Босана қалса өзі жүріп кететіндей-ақ баласы да мазасын ала талпынып-талпынып қояды. Ол бірте-бірте жақын келіп, Сәуленің жанынан қабағын шытқан күйі өте шықты.

Сәуле аңырып тұрып қалды. Сәлден соң барып ойына бір нәрсе түскендей онша ұзай қоймаған балалы әйелдің артынан қуа жөнелді. Ентіге жетіп, қатарласа берді де:

— Апай, қайда барасыз? — деді ол.

Балалы әйел таңырқай қарады да тоқтады. Жұқа тактайдан жасалған көнетоз чемоданын жерге қойды да қабағы қатыңқы қалпында тұрып:



— Оның не керегі бар еді? — деді.

— Чемоданыңызды көтерісіп барайын деп ем.

— Ә, солай де. Өзің қалай қарай жүруші ең.

— Мен де осы көшемен.

Балалы әйелдің күнге тотыққан қараторы жүзіне сүйсінгендіктің белгісі пайда бола қалды. Ана құшағындағы жас бөбек Сәулеге қарай талпына беріп, жатырқады да шалқалап кетті. Оны жұбата, арқасынан алақанымен қағып қойып:

— Көтере алар ма екенсің, қызым, — деді балалы әйел.

— Мен бе?! Папамның чемоданын поезға талай алып шыққанмын. Көтеремін.

Сәуле даусын шығара, «көтеремінді» сенімді айтты. Құлшына барып, чемоданның темір тұтқасын жоғары жұлқып тартты. Жаланап балтырын қажата көтеріп алды да ілгері беттеп жүре берді. Балалы әйел де қозғалды.

Сәуле чемоданды екі қолымен алма кезек көтеріп отырды. Біраздан соң иығына салып алды. Чемодан ауырлау екен. Сонда да болса ол сыр бермей, шыдап бақты. Астыңғы ернін тістелеп, демін жиі ала, аяғын кібірткітей басты. Мұны байқап қалды білем бір кезде балалы әйел:

— Қалқам, шаршап қалдың-ау, — деді.

— Жо-жок.

«Неткен асыл бала еді, көп жасағыр» деп ойлады балалы әйел. Сонсоң өзіне сонша мейірі түскен осы бір кішкентай жанның аты-жөнін біліп алғысы келгендей:

— Кімнің қызысың, шырағым? — деп сұрады.

— Әмірдің.

— Нешіншіде оқыйсың?

— Үшіншіде.

— Жақсы оқыйтын боларсың?

— И-ә, — деп қысыла жауап берді Сәуле.

— Бәсе, солай болса керек...

Балалы әйел тағы да оны-мұны сұрастырды. Сонсоң өзінің колхозда тұратынын айтты, қалаға не себепті келе жатқанын бастап еді. Сәуле кілт тоқтай қалды. Иығынан түсіре бергенде чемодан салмағымен төмен жылжып кетті де, демеп үлгіргенше, оның қаңылтыр топсасы көйлегінің етегін іліп кетті. Күтпеген жерде көйлектің етегі жыртылып қалды...

Бұл жағдай олардың екеуіне де жайсыз тиді. Балалы әйел оның көйлегінің жыртылуына өзін кінәлі санап қатты қысылды.

— Байқасаң етті. Қа-ап, көйлегіңді жыртып... Менің кесірімнен. Ренжитін болдың-ау, қалқам, — деп жатты ол. Сәуле қабағы түсіңкі, қынжылған күйде тұр.

Шынында да су жаңа көйлекті кимей жатып жыртып алу деген «оңай олжа» емес еді. Дегенмен Сәуле бірер минуттан кейін, бастаған ісімді аяқтап тынайын дегендей чемоданды көтеріп алға жүрді. Ал, балалы әйел өзіне-өзі іштей кейігендей тым-тырыс ере берді. Содан олар жүріп отырып бір үлкен қызыл қақпаның алдына жете бергенде ғана тіл қатысты.

— Ұмытыңқырап қалыппын. Қалқам, мына үй нешінші екен? — деді балалы әйел тоқтап.

— Номерін айтасыз ба? Он алты.

— Онда келіппіз.

— Жок, бұл менің келе жатқан үйім ғой, — деді Сәуле, бұл кісі адресті шатастырып тұр деп ойлап.

Оның бұл сөзіне балалы әйел рахаттана күліп:

— Қалқам-ау манадан неге айтпадың. Екеуіміз де бір үйге келе жатыппыз, — деді.

Сәуле ашық қалған қақпа есігіне келгенде, балалы әйелге қарай зымырап келе жатқан Зейнепті көрді. Балалы әйел оны құшақтап, бетінен алма кезек сүйді. Зейнеп жас бөбекті бақырып жылағанына қарамас-тан көтеріп алды... Осы кез, Зейнептің апасының үйінде тұратынын білетін Сәуле «бұл кісі Зейнептің мамасы шығар-ау» деп ойлады.

Осы оймен ішке ене бергенде алдынан Зейнеп шықты.

— Мынау біздің Сәуле-ғой, — деді ол таңдана, — мамама қайдан кездесіп жүрсін?

— Сенің мамаң ба? Амангелдінің бұрышында... келе жатыр екен... Сосын...

Мұнан басқа жайды Сәуле өзінің тержуып, әрі ыстықтықтан күреніткен ашаң жүзінен аңғартқандай жымыя берді. Зейнеп оның үстіндегі жаңа көйлегін енді ғана байқады. Сүйсіне қарай бастаған көздері оның иығының үстіне түсті де қадала қалды. Сонсоң, абыржыған пішінде:

— Көрдің бе, көйлегіңді... — дей беріп еді. Сәуле оның қолынан күлімсіреп тартып:

— Мамаңа барайық. Күтіп тұр ғой, — деді.

Бұл кезде Зейнептің мамасы Сәуленің өз қызының жолдасы боп шыққанына қуанып, ойын тербеткен бір жылы сезімнің құшағында тұр еді.

Қызылорда қаласы.





## Көңілді, ұйымшыл класс

### I

Бесінші класс оқушылары Нұрбеков Айбар мен Сыздықова Фарида екеуі бір көшеде, бір үйде көрші тұрса да, быйылғы оқу жылына дейін бірін-бірі жөнді танымайтын. Оқта-текте аула ішінде, катокте кездескендерінде, екеуі не жөнінде әңгімелесетіндерін білмейтін. «Мәдени жорық» кезінде Фарида киноға не Жасөспірімдер театрына бара жатқанында, Айбар онымен бірге оқымайтынына іштей өкінетін. Оның да себебі бар. Ол оқыйтын 35-ербалалар мектебінде ұйымдасып кино, театрға бару сирек өткізілетін.

...1 сентябрь. Жаңа оқу жылы басталатын күн.

Бұл мерекелі күнді сәндендіре түсейін дегендей-ақ ауа райы да тамаша. Ертеңгі

ауа мөлдір әрі хош иісті, Максим Горький атындағы парқтың аржағынан бойлаған алтын күн нұры жасыл теректердің ұшар басындағы жаудыраған шықты мың түрлі бояумен құлпыртады.

Кеше кешкі уәделері бойынша Айбар қақпа алдында Фариданы күтіп тұр. Бұрын күнде ертеңгісін мектепке жалғыз кететін Айбар өзіне серік, әрі кластас дос топқанына қуанды. Бүгіннен бастап бұрынғы 35-ербалалар мектебінің оқушысы Айбар мен 12-қыз балалар мектебінің оқушысы Фарида екеуі Ленин атындағы 35-мектепте бір класта оқымақшы.

Мектепке келген соң екеуі қапелімде сәл уақытқа тағы да бірінен бірі көз жазып қалды. Өйткені, Фариданы өткен жылы 12-мектепте бірге оқыған достары қаумалап әкетті. Айбар да өзіне таныс балаларды көріп, өзінің жарқын, жайдары мінезділігіне салып, бәрімен құшақтасып көрісті. Сол кезде қасына Фарида келіп, өзінің бірге оқыған дос қыздарын таныстырды. Алысып-жұлысып ойнап жатқан ербалалар жым боп, партаға сүйеніп-сүйеніп тұра қалды да, галстуктерін түзеді. Сол екі арада қоңырау шылдырлады, класқа орта бойлы, шүңірік қоңыр көзді, ақшашты егде мұғалима кіріп келді. Бұл осы 6-«Г» класының жетекшісі Нина Константиновна Мельникова еді.

### II

Класта 39 оқушы бар, оның 28-і қыз балалар. Өткен жылы әрқайсысы әр мектепте оқығандар. Кім неге қаблетті, өткен оқу жылында үлгерімі, тәртібі қалай болды? Үйінде кімдер бар, қайда тұрады? Жақын жолдас-тары, достары кімдер? Осы сұрақтардың бәріне жауап іздеген Нина Константиновна уақытының көбін-ақ өз класының оқушылары арасында өткізеді. Өзі ботаника, зоология пәнінен сабақ беретіндіктен, бізбен бір әңгімелескенінде осы пәнге байланысты біраз қызық әңгіме айтты.

— Алғаш ботаника, зоология жөнінде сабақ бастап, бұл ғылымдардың мәні, маңызы жөнінде әңгімелегенімде-ақ, биологияға әуес оқушылар бар екені анықталды. Өткен жылы № 35 мектепте оқыған Драгавцева Ира, Мазурова Лариса біргүні төрт жылдан бері «Жас натуралистер» үйірмесіне қатнасып келе жатқанын айтты. Бұл екеуі мектептің тәжірибе участогінде осы уақыт ішінде овощ және жидек өсірумен шұғылданып келеді. Мұғалімнің басшылығымен талай қызғы-



лықты тәжірибелер істеді, екеуі капустаның 8 сортын өсіріп шығарды. Қазір бұлардың баптап, өсірген кейбір өсімдіктерін жәшікке егіп, мектептің биология кабинетіне қойдық.

... Драгавцева Ира быйыл 8-«А» класында оқыйды. Ол байыпты да салмақты. Қітап, дәптер, қарындаш ұстағанда да қолы бейне бір өсімдіктің нәзік сабағын ұстағандай-ақ епті де, биязы.

— Маған өсімдікті, оның ішінде адамға пайдалы овощь, жидек сыяқты өсімдіктерді сүйіп, соларды өсіріп, баптауды үйреткен ең алдымен мұғалім, сонсоң папамның да көп көмегі тиді,— дейді Ира.— Папам ауылшаруашылық институтында оқытушы боп істейді. Мен оның мамандығын сүйемін, мен де папамдай ауыл шаруашылығына қызмет істеуді арман етемін.

Жуырда Драгавцева Ира мен Мазурова Лариса екеуіне «Жас натуралист» значогін беруге мінездеме толтырылды.

Елебекова Рузия, Нұрбеков Айбар, т. б. балалар мұғалімаларына мектепте «Тірі жәндіктер мүйісін» ұйымдастырса екен деген тілек айтты.

— Онда біз түрлі әдемі құстар ұстар едік.

— Бір-екі үй қоянын да асырар едік.

— Шіркін, түрлі-түсті көбелектен коллекция жасағанға не жетсін!

— Әбден күз болғанда, көбелекті қайдан алмақсың? — деді Рузия.



Класс жетекшісі Нина Константиновна Мельникова оқу озаты Рузия Елебекованы өсімдіктермен таныстырып отыр.

Суреттерді түсірген П. Редько.

Сол кезде кластың әр жерінен бірнеше қол көтерілді. Бұрынғы алты мектептің оқушыларынан құралған бұл класта ондай коллекция жыйнап жүрген балалар да бар екен. Жаздайғы жыйнағандарын бәрі біріктірсе, үлкен-ақ коллекция болмай ма?!

### III

6 «Г» класс оқушыларының қайсысынан сұрасаң да:

— Әзір бізде екілік баға алған оқушы жоқ,— деп мақтаныш етеді.

Бұл — әр оқушының өз класы, өз достары үшін заңды, орынды мақтанышы. Бірақ, үлгілі тәртіп болмайынша, сабақ үлгерімінің де, кластан тысқы істерінің де табысты болмайтыны белгілі. Сондықтан кластағы озат пионерлер алдымен тәртіпті нығайту жағына зер салды. Бұл — пионер активінің сайлауы әлі жүрмеген кез болатын. Осы бір кезеңде әсіресе Елебекова Рузия ерекше көзге түсті. Ол үнемі сабаққа белсенді қатынасады, өзге оқушылар одан оқулықтан түсінбеген жерлерін сұраса, ол үнемі нақтылы, толық жауап береді.

Бірақ, оқушылар алдында оның беделін көтере түскен әсіресе мынадай бір уақытқа болды.

Үлкен үзіліс кезінде Лева Рогожин, Слава Жиленко коридорда асыр сап жүгіріп жүріп, төменгі класта оқыйтын бір кішкене қызды қағып жіберіп, жығып кетті. Кішкене қыз жылап жіберді. Осы кезде класс старостасы Обидина Лиза жанағы екі баланың қасына барып, Лева Рогожиннің қолынан ұстай алып, жүзіне тура қарады:

— Өзіңнен кіші оқушыға неге тиесің? Ұят емес пе?

— Мен емес, өзі. Жолда неге тұрады? — деп өзеуреді Лева.

— Коридорда жүгіруге бола ма екен? Әлде сен мектепке тек бүгін ғана келдің бе? — деп Рузия сөзге кірісті.

— Жүгірсе, қайтеді екен? Біз өз мектебімізде жүгіре беретінбіз.

Сол кезде осы әңгімені тындап тұрған балалар Рузияны жақтап, жан-жақтан сөйлей жөнелді.



— Шуламандар, балалар!—деді Рузия қатан дауыспен — Лева мен Славик жүгіргілері келсе, жүгіре берсін. Бірақ бұлардың естерінде болсын: басқа балалардың ешқайсысы да бүйтіп тәртіп бұзғылары келмейді.

Лева: «Рас па?» дегендей жан-жағына қарап еді, бірақ оған жылы шырай беріп, қылығын мақұлдаған ешкім болмады, балалардың бәрі де одан теріс айналып кетті.

Қоңырау шылдырлап, бәрі класқа кіріп бара жатқандарында, Лиза:

— Әрдайым сен осылай бол, сені тыңдайды бұлар,— деді Рузияның қолын қысып,— көрдің ғой, Славик те қатты ұялды.

Сол күннен бастап, Рузияның беделі одан сайын арта түсті. Қазір оны кластағы 39 оқушының бәрі, оның ішінде Славик пен Лева да ерекше сыйлайды. Бір күні келешекте отряд советі председателдігіне кімді сай-

лаймыз? деп өзара кеңескендерінде, бәрі де Рузияны сайлаймыз десті.

Бірақ, класта әлі де түрлі тентектік қылықпен өзін пысық, ержүрек көрсеткісі келетін балалар әлі де бар. Оларды бүкіл класс ықпал көрсетіп, түзеп келеді.

Сөйтіп, 6-«Г» класс оқушыларының тәртібі күннен күнге нығайып келеді.

— Біздің ең басты міндетіміз — оқу, — дейді ондағы пионерлер, — тәртіпті нығайтқанда да, кластан тыс жұмыстармен айналысқанда да, бәрін сол бір негізгі мақсатқа бейімдейміз.

— Ер балалар мен қыздардың бірге оқуы бізге өте ұнайды. Бірігіп тәртіпті нығайтамыз, бір-бірімізге достық көмек көрсетіп, үлгілі оқыймыз.

*Б. Аманшин,*

Алматы. 35-мектеп.

## Кішкене жылқышы

*Очерк*

Көпе салып, өгіз сырғысымен шөп тартып жүрген бір топ балаларға таяп келгенімізде, парторг олар туралы жылы сөйлеп, жақсы мақтау айтты.

— Осы оқушылардың быйылғы көмегі төтенше болып тұр,— деді парторг.— Отыз шақты оқушы табан аудармастан шөпте жұмыс істеп келеді. Қазір 8 көлік сырғысы отау салушыларға шөп тасып жүр, соның бәрінде де — балалар, 12 көлік тырнауышы бар, оларды да оқушылар жүргізеді.

Парторг өгіз сырғысына мініп жанымыздан өтіп бара жатқан, басына күнқағары мыжырайып қалған ескі әскери фуражка киген баланы көрсетіп:

— Мына жүрген Теңдіктер тіпті үлкен кісіден кем еңбек етпейді,— деді де, оны күле қарап, көзімен шығарып салды. Содан кейін парторг қолымен нұсқап басқа балалардың аттарын атап таныстыра бастады.

— Анау жүрген Қатай Есмақаев, мынау жүріп бара жатқан Мұбарак Хамзин, энеу тұрған Қара Бөкеев, жаңағы Теңдік Төлепов — осылардың бәрі күн сайын бір жарым нормадан орындап келеді. Тіпті, бұлардың ішінде норма орындамайтын біреуі жоқ.

Осы кезде парторг есіне әлде бірдене түскендей ат үстінен еңкейіп, сұқ саусағымен менің блокнотымның ақ жерін түртіп тұрды да:

— Айтпақшы, тап осы жерге жазып қойыңызшы «Кішкене жылқышы» деп.

Біз ауылға келіп, колхоз конторының жанына тоқтағанымызда күн жаңа ғана батқан еді. Күндіз салқын қорада тұрып, жаңа ғана ағытылған бірнеше жас құлын сыртқа қарай жайыла беттеп бара жатқан енелерінің маңында кішкентай бастарын кекжірейте, шашақ құйрықтарын тігіп алып шұрқырап шапқылап жүр.

Ауылдың орта тұсынан қарына құрық ілген бір бала астындағы тайын екпіндете аяндатып, кәдүескі сака жылқышылардай маңғаз қалыппен сол жылқыға қарай шыға берді. Оны көзі шалып қалған парторг:

— Кішкентай жылқышы әне кетіп барды,— деді де жіті басып барып, екінші бір үйдің бұрышынан басындағы бөркін бұлғап оны шақыра бастады.

— А... а... ай, Серкенбай! Серкенбай—а... а... ай! бері кел, бері кел!..

Серкенбай Алтынбеков екі көзі отша жайнап тұрған, келте танау, қагілез келген, жұқа өнді сары бала екен. Үстіне көк түсті, өзіне шақ етіп кішірейтілген әскери гимнастерка киіпті. Тар балақты шалбары ат үстінде отырғандықтан келтелеу көрінеді. Беліне айылбасты жалпақ әскери белбеу буынған да, бурыл тайдың шылбырын оған шалып алыпты. Өзінің кіп-кішкентайлығына



карамай, атқа отырысы тұғырдағы қаршығадай ойнақы да нық. Таралғысын өзіне лайықтап қысқартып алған үзеңгісін шірене қозғап қояды.

Серкенбайдың оң аяғындағы ботинкасының бауы кендір екен. Соны көзі шалғандардың біреуі:

— Ой, батыр-ау, мына кендір бауың не? — деп еді, Серкенбай оған қысылмай жауап берді.

— Бұл жұмыс ботинкам, ағай.

— Басқа да ботинкаң бар ма?

— Бар, — дейді де ол жымыйып төмен қарайды. Оның сол күлімсіреген жұқа ернінен сәбилікпен астасқан сүйкімді бала мақтанышы сезіледі.

— Неге жоқ болсын, — дейді парторг Серкенбай үшін жауап бере. — Серкенбай осы колхоздағы еңбекті ең көп табатындардың бірі. Серкенбай оқу аяқталғаннан бері — бірінші июньнен бастап жылқы бағады. Күн сайын алдында екі жүзден жылқы болады. Солай ғой, Серкенбай?

— Әнеу күндері ана бригадаға бөлініп кеткен сауын биелерімен 210 болып жүрді.

— Ол біраз күн ғана ғой. Орта есеппен екі жүз дейік. Ал жылқышыға аман баққаны үшін әр жылқы басына үш сотыхтан еңбек жазылады. Екі жүзді үшке көбейтіңіз. Алты еңбеккүн бе? Ол Серкенбайдың бір күнде табатыны. Ал оны үш айдың тоқсан күніне көбейтіңіз. Сонда оқу жылы басталғанша Серкенбайдың бір өзі бес жүздей еңбеккүн табады. Ал быйыл астықтың қандай шыққанын өздеріңіз көріп отырсыздар. Орта есеппен гектарынан 13—14 центнерді қайтсек те аламыз деп тұрмыз. Сонда колхозшыларға әр еңбеккүнге екі жарым килограмнан астық берсек, Серкенбайға осы еңбегі үшін 70 пұттан аса астық тиеді. Оның үстіне еңбеккүнге ақшадай 5 сомнан айналады деп есептеп отырмыз. Сонда Серкенбай екі жарым мың сом тағы алады. Мұндай баланың жаңа ботинкасы болмайтын ба еді, ағалары-ау?!

— Оншама астықты қайда қоясың? — дейміз Серкенбайға.

— Астыққа адам ие болады ғой, — дейді ол сенімді де байсалды жауап беріп. — Атам ендігі жылы асты-үстің тақтайлап жаңадан үй саламыз дейді. Астықты соған жұмсайтын шығар.

— Ал ақшаны қайтесің?

— Көп етіп кітап сатып аламын, оларды



Серкенбай Алтынбеков

салып қоятын шкаф жасаттырамын. Немесе атам Павлодардан сатып әкеп береді.

— Бағана жұмыс істеп жүрген балалардың бәрі де осы Серкенбайдай еңбек таба ма? — деп сұрадық біз парторгтен.

Осы кезде Серкенбай шалақ танауын жоғары көтеріңкіреп, бізге қарап сәл жымығандай болды.

— Түнде жылқы бағу, оны ит-құстан қорып аман алып шығу — оңай жұмыс емес, — деп парторг әңгімесін соза түсті. — Бұрын да жігіттің жігіті-ақ жылқышы бола алатын. Шөп шабу басталып, байырғы жылқышыны машинаға алып қойдық та, жылқы бағуды кімге тапсырарды білмедік. Сол кезде біреулер осындағы ең атқа үйір де тыянақты бала — бір бакса осы Серкенбай бағады дегенді айтты. Серкенбайды конторға шақырып алып, «түнде жылқы баға аласың ба?» деп сұрағанымызда, «бағамын!» деп құлшынып шыға келмесі бар ма. Оған сенбедік те, он бір жасар бала жылқы баға алады деген кімнің ойына келсін. Алғашқы күндері түнде барып қайтып, бақылап жүрдік. Жоқ, жылқышы болса Серкенбай болсын! Ұйқыға да сергек, қажымайтын мықты, тіпті айсыз қараңғыда қорықпайтын батыр боп шықты бұл. Міне содан Серкенбай кішкене жылқышы аталып кетті.



— Ал енді бағанағы балалардың ішінде Серкенбайдан әлде қайда үлкендері толып жатыр. Солай ғой, Серкенбай?

— Теңдік те, Қатай да, Мұбарак та — бәрі де менен үлкен, — дейді Серкенбай.

— Әне көрдіңіз бе? Ал солардың кейбіреулері біреуге жылқыдан ат ұстап бермек тұрғай, өздері жуас атты ұстап міне алмайды. Ал Серкенбай колхоздың нелер асау тайларын жалғыз өзі үйретеді. Быйыл қанша тай үйреттің, Серкенбай?

— Төрт тай. Осы бурылмен бесінші.

— Осыдан екі-үш күн бүрін түнде болған қатты жауын естеріңізде болар, — деді парторг. — Түні бойы найзағай жарқылдап, күн ауық-ауық шатыр-шұтыр күркіреді де тұрды. Серкенбай осы түнде далада, жылқы ішінде болды. Әзер мықты болсаң да, осы түнде қорыққан шығарсың деп ойлап едік біз мұны...

— Жоқ, қорыққаным жоқ, — дейді Серкенбай, бұл жерде тез сөзге араласып. — Бірақ су жаман өтті үстімнен. Жылқыны андасанда күн жарқ еткенде бір-ақ көріп қаламын да, оқшау жүргендерін күннің жарқылымен қайырып әкеліп қалың жылқыға қосамын. Таң ата әбден су өткеннен кейін бар жылқыны маяның ішіне әкеп иірдім де, атымды құрығыма байлап, бір маяны үңгіп, соның қуысына кіріп кеттім.

— Атыңды беліңе неге байламадың?

— Ат бірдемеден үріксе онда өзімді жазым етеді ғой.

— Ондайды білмесе жылқышы бола ма, — дейді парторг оның тауып айтқан сөздеріне одан сайын разы болып. — Ал енді оның кітап құмарлығын айтсаңыздаршы! Осы колхозда Серкенбай оқымаған кітап кемде кем шығар. Солай емес пе, Серкенбай?

— Балаларға арналған кітаптың бәрін де оқыдым.

— Нешінші класта оқыйсың?

— Үшінші класты отлучно бітірдім, ағай.

— Түнде жылқы бағып жүргенде қасқыр келсе қайтесің?

— Тұра қуамын. Қуып жетіп, құрықпен басына бір саламын.

— Сенің андағы тайың қасқырға жете ала ма?

— Жоқ, қазір жылқыға барған соң басқа үлкен ат ұстап мінемін. Әйтпесе кісі таймен жылқы бағушы ма еді?!

— Қара сөзін, — дейді парторг сүйсіне күліп. — Сөйлесіп көр, біздің кішкентай жылқышымен.

Серкенбайдың бұл сөздеріне жалғыз парт-

орг қана емес, бәріміз де мәз бола күлістік.

Серкенбай осы кезде қамшысын ыңғайлап алды да, парторгке қарап:

— Мен жүре берейін бе, ағатай? — деді.

Бағанадан бері біздің оны бөгеп тұрғанымыз әлде ішін пыстырды ма, әлде үлкендермен әңгімелескені бала көңілін шарықтатып жіберді ме — әйтеуір Серкенбай бурыл тайдың басын ауылдан шыға қоя берді де, топылдата шауып, ілезде ұзап кетті.

— Жігіт! — дейміз оның артынан қарап қалған біз.

— Айтпадым ба бағана сіздерге, көрсеніздер разы боласыздар деп.

...Ертеңінде біз ұста дүкенінен шығып, жылқы беттеп келе жатқан құдық басына қарай жүрдік. Нокта, жүген ұстаған бір-екі бала мен екі-үш кемпір Серкенбайдың жолын тосып тұр екен. Серкенбай жақындай бере олар жылқышыға өтініш айта бастады.

— Серкенбай, апа саған көк биені маған ұстап берсін деді, — деп Серкенбай шамалас, бір-ақ одан гөрі бастау келген шегір көз сары бала елден бұрын өз өтінішін айтты.

Серкенбай оған атүстінен:

— Сен тұра тұр, — деп үлкен кісіше маңыздана бір қарады да, басын шұлғып тастап елпек аяңдап келе жатқан астындағы торы аттың тізгінін ірікпестен, оң қолына таяқ пен ноктаны қоса ұстап, анадай жерде ілби басып келе жатқан бүкіш кемпірдің қасына барып бір-ақ тоқтады.

— Әже, үйіңізге жүре беріңіз. Қазір биенізді айдап барып беремін.

— Өркенің өссін, шырағым Серкенбай, — деп кемпір қайтадан үйіне қарай жөнелді.

— Қапысыз пысық, қалтқысыз инабатты бала, — дейді ұста, ала аяқ торы құлыны бар жалпақ тор биені кемпірдің үйіне қарай айдап бара жатқан Серкенбайға қарап.

Кемпірдің үйінен қайта оралып, боз өкпе сары баланың биесін ұстап бергеннен кейін Серкенбай бізге қарай аяңдады.

— Сәләмәт па, Серкенбай?

— Сәләмәтсіздер ме, ағайлар?


— Қүзет қалай өтті?

— Жақсы! — деп маржандай тізілген қой тістерін жарқырата күледі. Осы бір күлкі түні бойы ат соғып, ұйқы қалжыратқан жас жылқышының сүйкімді де сәби жүзін онан әрі нұрландыра түскен тәрізденеді.

*Ә. Нұршаихов,*

Павлодар облысы,  
Баянауыл ауданы,  
«Жаңа тілек» колхозы.





Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің Бас павильоны мен Халық достығының фонтаны.

Фото-сурет ТАСС-тың сурет қорынан алынды.

## Гүл алаңындағы сарай

ВИТЯ КІМ?



ЕІБІР әңгімешіл адамдар болады. Мұндайлар қайда, қашан кездесе де, таныса да, танымаса да, айналасындағыларды өзіне тез баурып алады да, көрген-білгенін көпте бастайды. Троллейбуста біздің қасымызға кеп отырған қысық көзді сары жігіт осындай бауырмал адам болып шықты. Колхоз алаңынан өте бере босаған орынға оның отыруы мұң екен, бәрімізбен шүйір-келесе жөнелді.

— Көрмеге барасыздар ғой?.. Мен де соған, үшінші рет кетіп барамын... Сіздер ше?

— Мен бірінші рет бара жатырмын,— делім.

— Мен кеше де болғанмын,— деді менің жанымдағы жігіт.

— Күндіз болдың ба, кешке болдың ба? — деді сары жігіт оған.

— Күндіз болдым.

— Е, онда нағыз кереметті көре алмапсың.

— Сізге түсінбедім.

— Жасыл қаланың кешкі көрінісін көрмеген адамды мен көрме көрді деп есептемеймін.

— Сіздікі қызық екен!..

— Түк те қызығы жоқ. Жігітім, ол бір ғажайып өмір ғой!.. Күн батып, қас қарайысымен мың-мың нұрға бөленген көк-жасыл қала туады. Көкпен таласқан, алуан стильді, алуан сипатты мұнаралы сәнді сарайлардың ортасындағы кең алаңда сол қаланың кешкі өмірі басталады. Көрменің байлығы, сұлулығы, ұлылығы, міне, осы кезде ерекше бір сипатпен танылады. Дүние гүл-гүл жайнап, ғажайып түрге енеді. Москваның солтүстік жағындағы шеткейін шұғыла селі басады. Бұл шұғыла бір емес, мың-мың түспен тарап, көрме қаласының үстінде салют тектес сәулелер ойнайды. Сол сәулелердің ортасында қатар түзеп, алқа-қотан тұра қалған апалы-сіңілілі он алты қыз көзге ерекше шалынады! Осынау сәулелі дүниені жасаушы да, оның иесі де осылар. Бұлар — біздің он алты одақтың — советтік 16 республиканың бейнесі!.. Мен ғой, әлі сендерге керемет фонтанды айтқам жоқ. Фонтан деймін-ау, ол біздің ұғымдағы, біз көрген, біз білген фонтан емес. Сөзбен бейнелеп болмас, сымсаған бір жойқын



«ұр. Екі мың бес жүз шүмектен 30 метр биіктікке атқылап жатқан күміс түсті көріністі көз алдына келтіріп көр!.. Жоқ, бұл керемет!..

Әңгімеші жігіт өзі айтқан көріністі дәл қазір көз алдынан өткізгендей рахаттана тамсанып, 5—10 секунд анырып отырып қалды да:

— Көрменің кешкі көрінісін көретін болындар. Жоқ, онсыз болмайды!.. Рас айтам, болмайды!.. Менің беретін ақылым сол,— деді.

— Сен, балам, көрменің сыртын ғана қызықтап жүр екенсің. Шын әсемдік те, байлық та, өзің айтқан ұлылық та оның ішінде,— деді біздің алдымыздағы қатарда немересімен отырған бір шал қызып.

— Папаша, сіз мені түсінбесіз. Мен көрменің іші-тысы дегенді білмеймін. Менің білетінім біреу: оның іші де, сырты да, павильондарындағы мол байлық та, сыртындағы көлдер де, көшелер де, бұта-өсімдіктер де — бәрі де совет адамының қолымен жасалған, жаңадан пайда болған дүниелер. Егер мен фонтанды тамашаласам, оны жасаушы өзіміздің адамдардың өнерін тамашалағаным...

Шал оның сөзін бөлді.

— Токта, енді ұқтым. Міне, мұның дұрыс,— деді де қарт оң жағынан өтіп бара жатқан кондуктор әйелге ақша ұсынды.— Қызым, маған екі билет берші... көрмеге дейін барамыз...

Қартпен онай ұғысқан әңгімеші жігіт оның ат-жөнін сұрай бастады.

— Папаша, қай жердікісіз?

— «Қай жердікісіз!» Немене, Москваны маған қыймайсың ба! Москвалықпын.

— Жоқ, қыймағандықтан емес...

Қарт мысқыл күлкісін тыйды да:

— Әшейін қалжыңға айтамын, Волоколамскіден келдім,— деді.

— Көрмеге қатысушысыз ба?.. Сен ше, достым? — деп әңгімеші жігіт күлімсіреп, қарттың қасындағы балаға бұрылды.

— Бұл менің немерем.

— Бұл да көрмеге қатыса ма?.. Я, сен қандай өнеріңмен қатысасың? Сөйлеп жібер, достым, ести отырайық...

Әңгімеші жігіт баланы қомсынғандай, оның әдейі қытығына тие сөйледі. Осыны сезді ме, әлде өзінің мінезі ме, бала тұйықтық жасап пәлен дей қоймады. Оның есесіне, жігітке жауапты атасы берді.


— Сен, жігітім, біздің Витямен ойнама! Бұл біздің мектептің мақтаулы жас технигі!

— Солай ма?.. Көрмеде жас техник жолдастың да ойлап шығарған машинасы тұрған болды ғой. «Ауыл шаруашылығын механизациялау және электрлендіру павильонын, айналайын, сенің өнерінді көріп шығу үшін бүгін тағы аралайын. Айтшы, машинаңның аты қалай?..

Оның жүзінде әлі де күлкінің ізі тұрды.

— Витяның машинасын одан іздеме, «Жас натуралистер» павильонынан ізде! — деді шал қутындай сөйлеп.

— Көрме... Соңғы остановка,— деген кондуктордың даусы әңгімені үзіп жіберді. Жұрт орындарынан ұшып тұрып, біреу троллейбустың алдыңғы, біреу артқы есігінен жапа-тармағай, жамырап түсе бастады. Үлкен қақпа алдындағы құмырысқадай қайнаған адамдар толқынына біз де жалғастық... Сол толқынға жетпей тұрып, есіктен шығысымен-ақ қарттан да, баладан да, әңгімеші жігіттен де ілезде көз жаздым.



«Жас натуралистер» павильоны.



### СОЛ ҚОЛ ЖАҚТА...

АС павильоннан өтісімен мен аз кідіріп тұрып қалдым. Алдымда дөңгелек тәртібімен салынған зәулім сарайлар бірімен бірі жалғасып, «мені көр» дегендей самсап тұр. Қалай араласам екен, оң қол жағымнан бастау керек пе, сол қол жағымнан бастау керек пе!.. Менің анырған себебім осы болды. Бірақ бұл ойымды шешуге үлгере де алғам жоқ. Қаптаған халық екпінді толқынымен сол жаққа сырғытып алып кетті де, «Солтүстік Кавказ павильонынан» әкеліп бір-ақ шығарды.

Мен бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі өз алдына бір кіші-гірім қала екенін, оның павильондарын, бау-бақшаларын, басқа да толып жатқан мәдени-шаруашылық орындарын айлап аралау керек екенін баспасөз беттерінен оқығаным, барғандардың әңгімесінен естігенім бар-ды. Соған қарамастан, павильондарға кіре бастағаннан маған «бүгін ең негізгілерін көріп кетейінші» деген бір асығыстық пайда болды. Бұлай асығу бір жағынан табиғи да еді. Бірінен бірі асып түсіп жатқан, әрқайсысында өзіндік бір жаңалығы бар, сәні де, сапасы да алуан-алуан, көрікті павильондар қызықтырып, адамды еріксіз бірінен соң бірі жетектей берер еді.. Бірақ көңіл қанша асықтырса да, жүріс өнбеді. Басқаларын былай қойып, көз алдында ғана жап-жақын сыяктанып тұрған, сол қанаттағы он төрт павильонның өзін асығыс аралап шығу үшін де бір күн жетпейтінін мен аңғара бастадым. Сондықтан алғашқы-



дай аптықпай, сол қанатты біржола асықпай аралай кетейін деген оймен Молдаван ССР-ы мен Қазақ ССР-ы павильондарының арасымен солға бұрылдым.

Кішкене жүрген соң алдымнан ғажайып гүл алаңы басталып кетті. Тағы да керемет сәнді сарайлар көрінді. Мен бір аллеямен жүріп отырып гүлдердің ең бір қалың жеріне кеп тоқтадым. Жаңа, аллеяға шыққанымда халық біраз сиреген сыяқты еді, енді міне, адам деген бұл арада тағы да тоғысып кетті. Әсіресе, балалар көбірек көзге түсті. Осынау қаптан адамдар дәл алдымда тұрған, шыны күмбез төбесі күнмен шағылысқан бір сәнді сарайға лек-легімен ағылып кіріп, сіңіп жатыр. Кіруші қандай көп болса, шығушы да сондай көп. Толассыз адам тасқыны. Бұл үйдің маңдай алдына менің көзім енді ғана түсті. «Жас натуралистер» деген жазуды оқыдым. Сол сәт Витяның атасының сөзі есіме сап ете қалды. «Я, Витя ойламаған жерде сенің өнеріңді көретін болдық...»

Негізгі үлкен павильондардан сыртқарырақ, олармен салыстырғанда шағын да, көзге көп түсе де бермейтін, гүл алаңында оқшаулау тұрған осы бір әдемі сарайға жұртпен бірге мен де қадам бастым.



### ҚАП, ЕСТЕ БОЛСАЙШЫ!

ӨБЕСІ тоқсан жеті метр биіктікке бойлаған ең биік, ең алып Бас павильоннан жаңа ғана өтіп келген адамға алғашқыда көзге шағын көрінген бұл сарайымыздың өзі де іші-

не кіре келгенімізде онша осал болып шықпады. Шынын айту керек, оны бірнеше сағат аралауға тура келді.

Саяқат кіре беріс залдан басталды. Биік қабырғаларға ілінген плакаттар, суреттер, ұрандар, түрлі жазулар — ұлан байтақ советтік отанымызда жас ұрпаққа деген қамқорлықты, олардың білім алуына, өнерлі азамат болып өсуі жолына жасалып келген, жасалып отырған жағдайды сипаттайды.

Бақытты балалық сені әрі жетелейді. Міне, сен Орталық залға кірдің. Бақытты жас ұрпақтардың

енді өз ісі басталады. Жас натуралистер үйірмелерінің қызықты жұмыстарын, ізденудің, ерінбей еңбек етудің арқасында жеткен жеңістерін тамашалап қарай бастайсың. Мұнда Москва облысындағы Кутузов жетіжылдық мектебіндегі оқушылар өсірген бірнеше дақылдармен, оның ішінде жүгерінің тез пісетін жаңа түрімен, ферғаналық балалар мен Түркменстанның Қаахин ауданындағы 8-мектептің оқушыларының мақтадан, бидайдан, жеміс ағаштарынан мол өнім алған тәжірибесімен танысасың.

Мұндай тәжірибелер толып жатыр. Солардың бәрі суреттермен, қысқаша жазылған сөзбен, нақты цифрлармен өте ұғымды әрі қызықты бейнеленген.

Балалар үйі мен жас натуралистер станцияларының жұмыстары да өз алдына бір қызықты дастан. Балалардың талай-талай тамаша істерін білесің, олардың өзін көргендей әсер аласың.

Біздің отанда 60 мыңнан астам жас натуралистер үйірмесі бар екен де, оған 2 миллиондай бала қатысады екен! Ғажап цифр!

Залдан залға өттің. Жас техниктер өнері алдына жайылды. Бұл техника көрмесі деуге болады. Мұнда бәрі тұр. Комбайн, трактор, электрлі көрік, электрлі астық кептіргіш, адымдағыш алып экскаватор...

Бір қабырғада ойға қарай сарқырап су ағып жатыр. Ағын үстінен су электр станциясы салынған. Мұны Выстрицкая мектебіндегі (Украин ССР-ы) жас техниктер жүзеге асырған. Бұл станция колхозшыларға электр жарығын береді...

Мұндағы макеттердің бәрі нақты, әсерлі. Көп макеттің механизмдері электр тоғымен жүргізіліп қойылған.

Мал өсірумен, үй, түз жәндіктерін өсірумен шұғылданушы балалардың ісінің өзі бүкіл бір залды алып жатыр. Екі жылда кострома тұқымды 61 бұзау өсірген Шунген мектебі оқушыларының тәжірибесі, сол сыяқты, басқа да жас төлшілердің ісі кең түрде сипатталған. Қоян өсірушілер, күс өсірушілер, жібек құртын өсірушілер, басқа да жәндік өсірушілер үйірмелерінің кейбір экспонаттары тірі қалпында қойылған.

Бұған жалғаса өсімдік өсіруші балалардың тәжіри-

Бүкілодақтық ауылшаруашылы





бесі алға тартылады. Бұл да өз алдына бір зал. Бақша, жеміс, огород егуде балалар өздерінің оқытушыларының басшылығымен талай жаңа әдістер тапқанына, бұл іспен елімізде көптеген жас түлектеріміз шұғылданатынына біз осы залды қарап шыққанда, әбден кәнігі боламыз.

Ендігі зал алысты шолғызады. Бітеу қабырғалар бітеді, шыны қабырғалар басталады. Сен ыстық жақта өсетін нешетүрлі гүлдердің, өсімдіктердің ішінде тұрып, шынылы қабырғадан далаға көз жібересің. Көз алдында үлкен бау, нешетүрлі өсімдік, нешеме түсті гүлдер жайқалып тұр. Бұл да жас түлектердің қызықты еңбегінің жемісі...

Саяқат аяқталды. Көрушілер кейін қайтты. Неге екенін білмеймін, өзіммен көрмеге бірге келген қарттың немересі тағы да есіме түсті. Ол атаған мектепті мен бұл павильоннан көре алмадым. Демек, шал қалжыңға айтқан болды ғой... Әлде аңғармадым ба екен?

Жас техниктер залына қайтып келгенде, көзімді айналаға сүзе жүрдім. Әлгіде көрмедім бе, көрсем де көңілге тоқи алмадым ба, көп көріністер жаңадан пайда болғандай қызықтырып, өз қасиетін аңғарта бастады. Сөйтіп жүргенде тамашаға тап болдым. Өзіміздің Қаскелендегі балалар үйі жолыға кеткені бар емес пе! «Қазақ ССР-ның Қаскелен балалар үйі жас техниктерінің үйірмесі. Үйірме мүшелері: Н. Поваров, В. Татаруев, М. Горбунов, Н. Тонкачиев, Н. Сарсенбаев, А. Хегай...» деп жазылыпты қабырғадан үлкен бір аумақты алған фото-суреттер ортасына.

Кішкентай жерлестердің істері де тамаша екен. Тәрбиеші В. П. Дробышев жолдастың басшылығымен қаскелендік жас техниктер үйірмесі 1952—1953 жылдары көшпелі радиоторап жасайды. Колхоз даласында 14 жерге радио қабылдағыш орнатады, көршілес колхоздарда колхозшылардың үйін радиоландырады...

Қаскелендік балалардың радио торабын тамашалап тұрып, манадан бері іздеген жоғымды тауып алмайын ба. Сол өзім үніліп тұрған қабырғаның оң жағындағы бұрышта анталаған балалардың арасына

келсем, аспанға салынған темір жолдың мекеті. Бұл жолды ойлап тапқан Волоколам орта мектебінің жас техниктері боп шықты. Міне, қызық! Витя достың өнерін де таптық!..

Бұл үйірменің тарихы 1946 жылдан басталыпты. Қазір мұнда 86 мүше бар. Оларды физика мұғалімі Н. И. Михайлов жолдас басқарады. Жас техниктердің жұмысы ауыл шаруашылығымен тығыз байланысты көрінеді. Олар ауыл шаруашылығы машиналарын зерттейді, өмірден үйрене отырып, өз жаңалықтарын қосады. Селоға көп араласатын балалар бірде «Холмогоры» совхозында сыйырларға жем берудегі кейбір қиыншылықтарға зер салады. Бұл жұмысты механизациялау керектігін ойласады. Осыдан келіп аспалы темір жол салу деген идея туады. Бұл идеяларын олар ақыры жүзеге асырады. Жем тиелген кішкентай вагонетка аспалы темір жол үстімен зыр қағып барып тиісті орынға тоқтай қалады. Жем түсірілгеннен кейін ол зырлап отырып шыққан орнына қайтып барады...

Бұл сыяқты өнердің волоколамдық жас техниктер бірнешеуін ойлап тауыпты.


Мен солардың ішінен Витяның атын іздей бастадым. Жас техниктердің көбінің фамилиялары көрсетіліпті де, өз аттары аталмапты, тек бір ғана алғашқы әрпі қойылыпты. «В» дан басталатын бірнеше есім кездесті. Амал не оның қайсысы Витя екенін мен біле алмадым. «Қап, мана фамилиясын неге сұрамадым екен,» — деп өкіндім.

Басқа павильондарды аралап жүріп те, Витяны мен ылғи ойымда сақтадым. Кездесіп қалар ма екенім деп көп үміттендім де. Алайда, шалдың немересі қайтып кездеспеді. Ақыры болмаған соң мынадай ойға келдім: мен көрген тамашаны жасаушының бірі шалдың немересі Витя ма, жоқ, басқа Витя ма. Сайып келгенде оның бәрі бір емес пе! Қай Витя жасаса да, әйтеуір өзіміздің совет балалары ғой. Жасай берсін біздің Витялар, біздің жас түлектер, советтік балалар!.. Арттыра беріңдер өнерлеріңді!.. Ендігі жылы көруге тағы келеміз.

*М. Иманжанов.*

Москва.

есінің жалпы көрінісі.





# Жаңа совхоз

(Жазушының дәптерінен)

Солтүстік Қазақстанның ең үлкен астықты Октябрь ауданы орман мен даланың астасқан жерінде жатыр. Ауданның солтүстігіне қарай әуелі селдір басталған тырбық бұталар бара-бара қоюлана, биіктей береді де, Сибирь тайгасына астасады. Ал, оңтүстік батыс ақ селеуі толқыған мекенсіз кең дала болып кетеді. Бұл дала бұрын менің ата-бабаларымның жаз жайлауы болған екен. Қыс орман төңірегін сағалаған ел жаз шығысымен осы далаға екі жүз, үш жүз километр сұғынып, Ақсуат, Сұлу, Торқа, Қақ деген әдемі көлдерді жайлайды екен. Даланың сұлу көрінісі жайлы, қайран көлдерінің әдемілігі жайлы, шөбінің құнарлылығы, суының тыйымдылығы жайлы мен жас кезімде көп әдемі әңгімелер естіген едім. Ол далаға атақты қазақ жазушысы Сәбит Мұқанов та өз шығармаларының көп әдемі беттерін арнаған болатын.

Бұл даланы мен алғаш рет соғыстан кейін жаз күнінде араладым. Қасымда Солтүстік Қазақстан облыстық газетінің ол кездегі қызметкері, қазіргі редакторы Ғалым Мұхамеджанов болған.

Қазақ жерін көп аралаған адам үшін дала деген таңсық емес қой. Сонда да дәл осы дала маған қатты әсер салған еді.

...Алдында ирелендеген ұзақ сұрлеу жағады. Кең дала келер күннің өзіндей әрі шексіз... Күн едәуір көтерілген соң сонау етекте белдеу-белдеу болып сағым жүгіре бастайды. Ат сауырынан келер ақ селеу күлтелі бастарын баяу тербеп, жерден бір қауым көтеріліп кеткен. Кең жазықтың бойымен ақ селеулі толқын жүгіріп, әлде қайда жұмбақ алысқа кетіп жатады. Дала баяу толқыған теңіз есепті. Сол даланың а панында таң сәріде бозторғай шырылдайды. Даланың өзіндей үнсіз-тілсіз қарақұстар қалықтайды. Боз көде арасынан сұлу безгелдектің сұлу мойны қылтындайды. Етектен ала канатын баяу қағып дуадақ көтеріліп бара жатады. Мен бұл далада сол дуадақтың көзіндей тұңғыйық тартып жатқан тостаған көлдерін де жиі кездестірдім. Бір сайда екі елікті жолықтырғанымыз да бар. Сұлу тағы біздерге оскырына қарап бір сәт тұрды да, тартып отырды. Сағым ойнаған толқынды дала теңізінің төсінде қалқып алыстай берді де, жұмбақ көк жиекке батып кетті.

— Дала қандай жақсы, дала қандай сұлу! — дедім мен сонда.

Мұхамеджанов менің бұл сезімімді қостамады.

— Адамы жоқ есіз жатқан далада не жақсылық, не сұлулық болушы еді, — деп ол кейінікіреп қалды. — Қара топырақ қандай құнарлы. Бұл жерде егін жайқалса, дала сәні сонда кірер еді.

Мен жазғы каникулдан Алматыға досымның жаңағы сөзін жүрегіме түйіп, «шіркін, егін жайқалса...» деп оралған едім.

Міне, арада аз ғана жылдар өтті.

Партиямыз бен үкіметіміз сол кең даланы да қолына алды. Тың далаға тың күштер келе бастады. Мен енді ең алдымен кеше ғана студент күнімде өзім аралаған сол даланы қайта көргім келді. Петропавл қаласына келгеннен кейін өмірлес жатқан Октябрь, Преснов аудандарына қарасты сол елсіз далада жаңа совхоздар келіп орналасқанын, олар 1954—1955 жылдарда үш жүз елу мың гектардай тың қопаратынын білдім. Гектар дегеннің не екенін түсінетін адам үш жүз елу мыңның да не екенін жақсы біледі ғой.

Тағы да сол далаға сапар шектік.

Алғашқы сапарда үстін басып өткен Қошқар көліне келдік. Қазір осы бір әдемі балықты көлдің селеулі дөңінде екі көше етіп палаткалар тігілген. Палатка төбелерінде биік антенналар сораяды. Шатыр ішінен жас сәбилер жүгіріп шығады. Палаткалар төңірегінде түрлі-түрлі ауылшаруашылық машиналары. Алғашқы совхоз үйлерінің фундаменті де қалана бастаған. Бір палаткада тігін машиналарының даусы шығады. Онда көшпелі мастерская орналасқан.

Біз мандайшасында «Совхоз кенсесі» деген жарнамасы бар үлкен палаткаға кіргенімізде ең алдымен жиі қойылған қойқаларға көзіміз түсті. Есік жақтағы жаланап столда отырған орта бойлы толықша келген бір адам қасындағы біреуге:

— Үш бірдей дала кухнясын қайтеміз, бірін мына көрші совхозға жөнелту керек, — деп тапсырмалар беріп жатыр екен.

Ол осы «Интернационал» совхозының директары Дмитрий Захарович Онуфриенко болып шықты. Онуфриенко Батыс Украинадан келген екен. Ал, совхоз парторгі Бозжа-



нов Қазтай Алматыдан келіпті. Бірі бұрын да совхоз директоры болып істеген. Екіншісі Қазақстан тұтынушылар одағының қызметкері.

Дмитрий Захарович совхоз жайын таныстыра отырып, стол тартпасынан бір қағаз алып шықты. Ол осы совхоз жерінің картасы екен. Ең даладан ойып алынған үлкен шаршының бір мол шеті басқа түсті бояумен боялған. Совхоз директоры әлде бір есепке үніліп аз-кем отырды да, шаршының ақ жағынан тағы бір сызық тартып, оны да бояп қойды. Содан кейін бізге қарап:

— Енді бірер айдың ішінде бұл шаршы бетінде боялмаған жер қалмайды,—деп күле сөйледі. Сұрастыра келсек, шаршының боялған жағы совхоздың көтерілген тын жерін танытады екен. Совхозда бес трактор бригадасы бар. Олар көктемде өз еріктерімен мың гектарға жуық тын көтеріп, егін сепкен. Енді жаз айларында жыйырма бес мың гектардай пар айдамақ. Ертерек, көктем шағында тартылған алғашқы жалғыз боразда енді ақселеулі далаға екі жақтай шабуыл жасап жалпайып барады. Онуфриенко сол далаға көз тастап:

— Совхоз да орнайды, жер де жыртылады, рас, келгендердің ішінде әртүрлі мінез көрсететіндері де бар. Бірақ, біз Батыс Украинада кулактар мен бандиттердің де қоканлоққысын көргенбіз,—деді аса бір сер-

тек сеніммен. Оның күресте шыныққан адам екені сөзінен де, тұлғасынан да көрініп тұр.

— Ұйымдастыра білсек, жұмысты бәрі де жақсы істейді, әсіресе, украиндықтар ынталы. Кеше соғыс кезінде біз казактар барып Украина жерін жаудан қорғасып едік. Енді міне олар да қарызын өтегелі казак даласына келіп туыскандық көмегін беріп жатыр,—деп Бозжанов жолдас та өз сенімін білдірді.

Аттанар алдында олар бізді қайтадан совхоз кенсесіне алып келді. Директор отыратын столға газет төселіп, сарымай, селедка, осы совхоздың өзінде пісірілген жұмсақ нан қойылды.

— Дәм татындар,—деп Дмитрий Захарович біреуді шайға, біреуді көрші палаткадан кружка әкелуге жұмсап бәйек болып жатыр.

Жылы сөз, жұпыны түстіктен кейін біз тағы жолға шықтық. Алдымызда әр жері ойдым-ойдым қарая көсілген дала. Машина салған жана жол әрі алыс, әрі жұмбақ көкжиекке тартады. Жок, ол енді жұмбақ та емес. Сол алыс көк жиектің ар жағында тағы да бір көл бар. Ұйымдасып жатқан жана совхоз бар. Алып машиналармен жер сауырын тілгілеп жүрген алып адамдар бар. 1954 жыл ұлы өзгеріс ала келді. Талай ғасыр бойы ақселеу толқыған осы кең құнарлы далада даланың өзіндей кең егін теңіз толқыйды.

*С. Шаймерденов.*

Солтүстік Қазақстан облысы.



Алматыдағы 35-мектептің биология кабинетінде оқушылар мектеп жанындағы участкада өскен мақта мен капуста өнімін қарап тұр.

Суретте: (солдан оңға қарай) Л. Сухорукова, Л. Скрыльникова, В. Козмин.

Суретті түсірген П. Редько.





## ЖЕРКЕШЕДЕГІ БАЛА

А. Миронов.

Әңгіме

Суреттерін салған Н. Лебедев.

Күз түсіп қалғанымен теңіздің айдын шалқары көзге шағылысып әлі қаратпайды. Күн нұрын мол төккен сары күздің шуағы құдды жаз сыяқты — тіпті жаздан да жақсырақ: кенезенді кептіріп бара жатқан ыстық та емес, тас көше де күнге қызып бұрынғыдай табанынды қарымайды. Шіркін-ай ылғый осындай тамылжыған сары шуақ өзгермей, мынау теңіздің жағара соққан бүйра толқынына табанын тас тескен, өкшесі тілім-тілім әлсіз аяғынды малшылап отыра берсең етті!..

Жоқ, Паоло олай болмасын және болмайтынын әбден біледі. Ыстық аптап жаз бітіп, тынық, жайма-шуақ сары күз де келді, ал, онан кейін көп ұзамай-ақ қыс келіп, жауын-шашын басталады да теңізден ызғырық соғады.

Паоло — у-у-ув! — деп шіміркеніп кетті. Қыста ұзақты күнге алба-жұлба ескі көрпеге оранып, шықпастан үйде сарғайып отыру қандай жаман. Қысты күні ғой үйде сыз, суық, қаракөлеңке, жалаңаш етке киген қырық жамау шалбар, жалаңқабат жейдемен, жалаң аяқ далаға қалай шықпақсың. Ол былтыр көктемге өліп-талып әрең жетті. Көктем жылт етіп келген күні қуанғанынан есі де кетті. Ол енді өзі тұратын жеркепелер-

ден ептеп шығып әйтеуір көңіл көтерерлік бірдеңелері бар портқа бара қалып еді, мұнда дүкенші Франческоның ұлына кездесе қалғанда, оның Паолоны танымай ежірейе сұқтанғаны бар емес пе?

— Ой-ой-ой! — деді сықылықтап Франческо. — Кімге ұқсайсың, сен өзін мырқымбай-ау? Құдды судан шыққан көкбақадай көгеріп қатып қапсың ғой!

Мәс саған мырқымбай, мәс саған көкбақа деп персе болар еді, амал нешік! Қайтерсің Франческо өзінің мес қарын әкесінің дүкенінен көңілі сүйген тәтті тамақтарды екі ұртына кезек тыққыштап тайқардай болса, Паолоның аш өзегі талмай жүрген күні бар ма. Паолоның әкесі қыс бойы, жұмыссыздардың тілімен айтқанда, қайтсе жұмыс табамын деп көшелерді шыйырлады, ал, оның үйінің быйылғы қыста немен күнелткенін еске алудың өзі жиреніш. Міне, сол екі беті торсыйған Франческоны егер жұдырығынды мығым түюге де дәрменің жетпесе, қалай періп қаларсың. Жоқ, орайы келгенше шекіспегенің өзі жөн. Әй сонда да бір есте болатыны — тықырдың бәрі әлі алда ғой!..

Жақындап келе жатқан қыс Паолоның үрейін онша ұшыра қоймайды. Әкесі портқа қайтадан жүк тиеуші болып орналасты, до-



керлер қолымызды американдардың қаруын жөнелтуге былғамаймыз деп жиі-жиі көтеріліс жасағанымен, әйтеуір оның үйі ақшасыз болмайды, шешесінің де жоқшылықтан түңіле телміріп отыратын әдеттері байқала қоймайтын сыяқты. Шешесі қысқа қарай аздап ақша іркіп, Паолоға қайткенде қалың кенептен шалбар сатып әперемін, тіпті орайы келсе мүмкін анау ескі-құсқы сататын шалдан ескі көкірекше де алып беріп қалармын дейді. Ал, ботинка жөнінде Паолоның өзі әрекеттенбек. Шынында да енді бір он күн өтпей-ақ Паолоның табаны бір елі жаңа ботинкасы болады. Бұл ботинканы ол анау бір шалдан көріп, тіпті аяғына өлшемекші болғаны да бар. Ия, сонымен ботинка туралы арман жақында шындыққа айналады.

Паоло есіне ботинка түскенде амалсыз жымыйып та қояды. Ең тәуірі сол — ол бұл ботинканы адал жалақысына алады, оны сатып алу үшін жаз бойы күн сайын тапқан әрбір лирасын ұқыппен жыйнап келеді. Ол американдық матростардан сигареттер, сағыздар және сол сыяқты заттар сатып алып оларды базарға үш есе қымбат сататын Франческо емес. Беті торсыйған ол айнымаған өзінің сәудегер әкесі. Паоло болса, жұмыстан бас алмайды, мұны бүкіл квартал біледі, сондықтан да Паоло өзінің жұмыс істегеніне арланбайды да.

Жұмыстың жеңіл емес екені рас. Таң сәріден тұра салып ұшқан бетте, бүкіл қаланың ортасын жарып өтіп сонау коқыстар төгілетін шұқырға өзгелерден бұрын барып жету керек. Паоло келісімен коқыстарды аударыстыра бастайды, осыдан кейін оның мойнындағы дорбасы бірте-бірте жыртық қағаздарға, сүйектің сынықтарына, шүберектің қыйқымдарына тола бастайды. Кейде тіпті әжептәуір заттар да ілегіп қалады. Мысалы, оның басындағы мына кепкені қараңызшы. Ол сәл үлкендеу, шетінің жыртығы бар, тәрізі шылым тартатын біреу байқамай күйдірген болар, бірақ, мұны әлі де киюге болады. Ал, жыртығын шешесі жақсылап торамжыландықтан тіпті байқалмайды да. Немесе мынау жеңсіз көкірекшені алсаңыз да солай.

Шешесі оны таркатты да әкесіне жаңа желетка тоқып берді. Әкесі көптен бері көкірекшені тауып алғанына Паолоның өзі де қатты қуанды: жүн киім жауын-шашында адамның кеудесін жақсы жылытады ғой. Тіпті Паоло ақшасын жыйнайтын ыдыстың өзін осы шұқырдан алғанды: ол мойны жіп-жіңішке ескі ваза еді. Мойны сынық, бірақ оқасы жоқ. Паоло оның мойнын балшықпен тығындап тек ұсақ ақша тастайтын тесік қалдырған. Егер міне осы вазаны шайқап көрсеңіз, оның ішіндегі ұсақ ақша қандай жақсы сыңғырлайды. Паоло ол вазаның мойнын балшықпен қалың тығындады. Мұның себебі бір керегінде тәттіге қызығып кетіп ақшаны алып қойып жүрмейін деген сақтық еді. Жоқ одан қандай тәттілік болса да ақша алынбайды. Ақша алу үшін қыйрату керек, онан басқа ешқандай жол жоқ!

Міне, Паоло сол өзінің вазасын таяуда қыйратпақ. Ол енді көп ұзамай-ақ табаны сықырлаған ботинкасымен Франческоның алдынан мақтана өтпек. Ботинка келіп аяққа киілген күні не істеуді Паолоның өзі біледі. Ол ең алдымен өзін былтыр жалаң аяқсын деп қуып жіберген мектепке барып іркілместен отырмақ. Егер мұғалім тағы былтырғысындай жалаң аяқ жалшыларға мектептен орын жоқ дей қалса, Паоло үн қатпастан орнынан тұрып сықырлаған ботинкасымен





тура класты жарып өтіп мұғалімге барады да, қысқаша тұжырып:

— Бұл — менің өз табысым. Түсіндіңіз бе? — дейді.

Сонан кейін ол жайымен келіп өзінің орнына отырады. Енді шығарып көрсін! Оның да, доккердің ұлы — Паоло Митторийдің де мынау бордақы, жалқау, беті торсыйған Франческо сыяқты мектепте оқуға правосы бар.

Ал, әзірше... әзірше мынау ауыр дорбаны иыққа салып алып, қаладағы ескі-ұсқы қабылдаушыға тартқан жөн. Бүгін олжа аз болмауға тиіс: дорба лық толы. Мұны онда жеткізу де қыйын болмас, бірақ іштеңе етпейді, Паоло жеткізеді, сонымен кешке вазға сыңғырлап тағы да бірнеше күміс түседі.

Ал, кеттік. Еңсенді көтеріңкі ұста, Паоло Митторий!

\* \* \*

Шамның өлімсіреген жарығы сыйықсыз тақтай столдың бетіне солғын түседі. Бөлме үнсіз, қаракөленке. Тек оқта-текте не ана бұрыштан, не мына бұрыштан жылт еткен шылымның оты көзге шалынады. Паоло кроватька шығып екі аяғын бауырына қысты да бар сөзді естіп алу үшін үнсіз тесілетындады. Қасындағы шешесінің демін тоқтатып тыңдауынан бала оның да өзіндей ұйып тыңдағанын сезінді.

Стол үстінен жұмыстан әбден барбыйып күс-күс болған жұмысшылардың саусақтары көрінеді, ал күмісті бірінен соң бірі жылжытып тарап жатыр. Ақша үйіліп қалған.

— Тура жыйырма мың алпыс лир, — деген әкесінің даусын есітті Паоло. — Бұл көп те, аз да емес. Докерлер қолдарында барын тегіс берді, біздің көбіміздің үйімізде бүгінгі үнемге жұмсайтын ақша да жоқ.

— Ештеңе етпейді, — деді кенеттен шешесі. Оның даусынан бір өте сенімді байсалды

үн естіп Паоло қайран қалды. — Ештеңе етпейді, осылай істеу керек. Егер мұнсыз лаж болмаса — біз шыдаймыз.

— Ия, шыдаймыз, — деді әкесі. Біз қыйналған кезде сендер де бізге көмектестіңдер ғой. Ынтымақтылық, жолдастық.

Столдың артынан еңгезердей бір адам көтерілді. Бала ол адамның бейтаныс түсіне үңіле қарады. Ол ашаң, ат жақты, жанарынан от шашыраған көк көз адам екеу. Бұл адамның абыржығандықтан аузына сөз түсе қоймады. Ақыры бекінгеннен кейін асыққандай даусын қалтырата шығарып сөзін бөліп-бөліп былай деді:

— Бұларың өте көп, жолдастар. Ия, өте көп: бұл — балаларыңның үнемі, бұл — сендердің әрқайсының өмірің, міне сонан жырып берген көмектерің. Қаланың барлық жұмысшылары бізге көмекке келіп отыр, міне, осы көмектің арқасында ғана біз жеңіп шығамыз. Енді бірнеше күннен кейін-ақ қожайындардың төзімі бітіп көнеді. Біздің заводымыз жабылмайды, біздің балаларымыз да аштан өлмейді. Сен, Митторий, ынтымақтылық дедің бе? Жоқ, бұл тек ынтымақтылық қана емес, бұл күрес жолындағы туысқандық көмек — бұл біздің дұшпандарымыздың өткір қаруының бәрінен де күшті туысқандық көмек. Мен сендерге алғыс айтып тұрмаймын, туысқандар: біздің заводтың жұмысшыларының, олардың әйелдері мен балаларының шын ризалығын жеткізетін сөз тауып айту қыйын. Италиядағы жұмысшылар...

Ол сөзін аяқтамастан стол үстіне бір нәрсе күрс еткенде, сықсыйма шам сөніп барып қалды. Осы кезде вазаның сынығы жан-жаққа ұшты да, жеркепеде тұратын бала Паоло Митторийдің етсіз, арық саусақтары аспай-саспай өзінің ботинка сатып аламын деп арман еткен ақшасын уыстаған қалпымен үюлі жатқан ақшаға қосты...

## МЕТРОДА

Жез тұтқалы зор есікті аштық та,  
Кең сарайға лебі ыстық кірдік біз.  
Зырлап жатқан басқышқа аяқ бастық та,  
Кете бардық аққан сендей жылжып біз.  
Самсаған шам, кең, ұзын зал созылған  
Діңгектері мәр-мәр тастан қаланып,  
Көк вагондар ерсіл-қарсы ағылған,  
Жер астымен кетіп жатыр таралып.  
Вагон жылы, жұмсақ орын тізілген

Жайлы, рахат отырғандай әркім де.  
Біреу кітап, біреу газетке үңілген  
Енді біреу шертіп отыр әңгіме.  
Жұлдыз болып көкке ұшқандай ойымыз,  
Сокты самал тербегендей көңілді.  
Алдымызда сайрап жатыр жолымыз,  
Әне жаңа станция көрінді.

С. МАШАҚОВ,

Москва.



# Дін мен ырым туралы



Дін дегеніміз нанғысыз қыялдық ұғым мен түсініктердің жыйнағы. Дін адамзатпен бірге пайда болған емес, ол адам дүниеге келгеннен көп кейін шыққан.

Алғашқы қауымдық құрылыс өзіне лайық дәрежі тас қаруларды, одан соң садақ пен садақ оғын жасады, сөйтіп ең оңай өндіріс құралдарын меңгерді, оның үстіне өте аз заттарды өндіре алатын ғана болды. Өндірістің мешеулігіне қарай адамдардың ой өрісі де өте төмен болды. Алғашқы адам тіршілік ету үшін табиғатқа қарсы ауыр күрес жүргізгенмен оның қатал күші алдында өзінің дәрменсіздігін

үнемі сезіп отырды.

Су тасу, жер сілкіну сыяқты табиғат құбылыстарына ғылыми түсінік беруге ол адамдардың білімдері жетпеді. Табиғат алдындағы дәрменсіздік, білім қорының тым аздығы өте дәрежі діни ұғымдар туғызды, сол құбылыстарға бүтіндей бағынышты болдырды.

Алғашқы адамдар табиғаттағы әрбір заттар мен құбылыстар бір жоғарыдағы үлкен күштің нәтижесі деп есептеді. Сондықтан да алғашқы адамдарда: өзен ашуланса тасыйды, күн ашуланса күйдіре түседі, аспан ашуланса дауыл тұрады, бұршақ соғады немесе күн күркірейді деген толып жатқан жалған ұғымдар болды. Жұрт осы құбылыстардың көнілін аулап жағыну керек деп те ойлады. Сөйтіп адамдар теңізге, тауға, күнге, бұлтқа қарап, оларға жалбарынатын болды. Адамдар аспанға қарап жаңбыр болса екен деп, өзенге қарап тасымаса екен деп жалынды.

Ертедегі халықтардың ұғымында құдайлар көп және түрлі-түрлі болған. Біреулер бұлтты, екінші біреулер су, тас сыяқты табиғат заттарын құдай деп есептеген. Құдайды әрбір халық өзінше түсінген. Ертедегі Египетте үйлер құдайы — қолына бала ұстаған сыйырбасты әйел, вавилондықтардың құдайы — қанатты өгіз, сириялықтардың ұғымындағы құдай — балық болған.

Ерте кезде Қазақстан жеріндегі жұрттардың діні де басқа елдердің діндеріне ұқсас болған. Ол кезде күнге, айға, жұлдызға, отқа табынған, ата-бабаларының аруағына сыйынғандар болған. Бұл дінді шаман діні деп атайды. Олар көкте болады деп ұйғарған құдайын «тәңірі», «көк тәңірісі» деп атаған. Жақсылық пен жамандық, ырыс пен сор — бәрі «тәңірінің» ісі деп есептеген.

Ислам діні бойынша алладан басқа құдай жоқ, алладан басқаға сыйынушылар — дінсіздер (молдалар: «кәпірлер» дейді). Шынында бұлардың бәрі де жалған сөз. Оның жалғандығын ғылым әбден дәлелдеді.

Дін, адамдар дамый келе, ойлау дәрежесіне жеткен кезде ғана шықты. Молдалардың уағыздағанындай, адам «топырақтан жаралып шыққан» жоқ. Жер та-

биғатының дамуына көз жіберсек, алғашында жер бетінде бірде-бір жанды организмнің болмағаны белгілі. Бір кезде өсімдіктер мен айуанаттар пайда болды. Айуанаттар дүниесінің дамуынан соң маймылдардың белгілі бір тұқымы шықты. Бұдан кейін адамға ұқсас маймылдың ұзақ уақытқа, көп мыңдаған жылға созылған дамуының нәтижесінде адам пайда болды.

Дін еңбекшілерді ол дүниеде рахат көресің деп үміттендірумен жұбатады. Ол еңбекшілерді қанаушылардан азат болу, жақсы тұрмыс құру жолындағы күрестен оқшау қалдыруды көздейді. Ол еңбекшілердің санасына қарсылық көрсетпей шыдай бер, құдайдың өзі саған соны жазған деген желеумен еңбекшілерді бағынышты болып қала беруге үгіттейді.

Сонымен дін — езушілікті, қанаушылықты, тап теңсіздігін сақтап, еңбекші бұқараны ат төбеліндей қанаушылардың қанауында мәңгі қалдыруды көздейтін құралдардың бірі болып табылады.

Маркс дін — халықтың басын айналдыратын апыйын деп жазды. Организмді уландырып, бүлдірегін дәл апыйын сыяқты, дін де тек ол дүниеде ғана рахат бар деп үміттендіреді. Ол дінге нанушыларды бұл дүниеде бақытты өмір сүруден бездіріп, оларды мәңгі құл болып өмір сүруге итермелейді.


Діннің таралуы, нығая түсуі қанаушыларға әрқашанда пайдалы болды және капиталистік мемлекеттерде әлі де пайдалы болып келеді. Қанау, құлдық, еңбекшілердің теңсіздігі құдайдан деп, дін қанаушылардың халық алдындағы, еңбекшілер бұқарасы алдындағы қылмысын «құдайдың ісі» деп жуып-шаяды.

Дін ешқашанда және ешбір жерде еңбекшілердің мүддесін қорғаған емес, оларды езушілерге қарсы тіл қатпай бас июге үйретті.

Капиталистік елдердегі үстемдік етуші таптар алуан түрлі жолдармен діни ұғым арқылы жоққа сенушілікті күшейте береді. Қазіргі заманда капиталистік елдерде буржуазия бүкіл тәрбие жұмысын, білім беру ісін ғылымға қарсы, дүниеге идеалистік — теріс көзқарасты насихаттауға бағындырады. Америка Құрама Штаттары және тағы басқа капиталистік мемлекеттер христиан, будды, мұсылман діндерін уағыздауға, ескілікке, дінге, жоққа сенушілікті күшейтуге миллиондаған доллар жұмсайды.

Қазіргі кезде католик шіркеулерінің билеп-төстеушілері америкалық империалистермен одақтасып бүкіл демократиялық, прогрессивтік күштің қас жауына айналып отыр.

Таптық қоғам өмір сүрген көптеген мың жылдардың ішінде діни нанымның тек түрі ғана өзгеріп, оның мазмұны бұрынғы қалпында қалды, өйткені, оның себептері мазмұны жағынан ертедегі құл ие-





ленушілік дүниеде қандай болса, қазіргі заманғы капиталистік елдерде де сондай.

Дін сыяқты ырымшылдық та адам санасы кенже кезде шықты. Ырымшылдар — бізді жаратқан бірдеме бар, бізге жазымышта не болса, өмірде сол болады, — деп жоққа сенді. Олар «тағдырдан құтылуға болмайды», «жазғаннан озуға болмайды» деген сөздерді айтады.

Ерте заманда қазақтар отты керемет, күш-күдірет иесі, киелі деп санаған, отқа май құйып, тілеу тілеген, ауру адамды, малды от айналдырып, олардың ауруын «аластайтын» болған.

Сүйекпен, таспен «бал ашып» адамның болашағы қандай болатынын «айту», сол сыяқты картамен де «бал ашу» ешқандай шындыққа, ғылымға жанасы жоқ, тек ескі діни әдет-ғұрыптан, ырымшылдықтан қалған сарқыншақтар. Бұл тек халықты алдаудың түрлі жалған жолдары.

Балшы адамның алақанына қарап бал ашқан болады. Әрине, балшы адамды алдап өзіне бірдеме түсіру үшін аузына келген өтірікті айта салады. Біреу жазатайым мерткісе немесе суыққа шалдығып ауырса, мұны молдалар «тағдырдың жазғаны» деп түсіндіреді. Егін шықпай қалса да немесе өрт болса да молдалардың айтары осы.

Қорытып айтқанда, тағдыр деген ұғымның өзі — жалған сенім, бос сөз. Адам тағдырын құдай белгілеп қойған деген әңгімені молдалар таратқан. Тағдыр деген — орынсыз, әшейін діни адамдардың ойдан шығарған жалған ұғымы. Сондықтан адамның өміріне тағдырдың түк қатысы жоқ.

Діни «болжаулар» мен түрлі ырымдар да осы сыяқты. Дінге сеніш, соқыр сенімнің ықпалындағы адамдардың «түнде суға баруға болмайды», «әйелге мал бауыздауға болмайды» дейтін ырымдары ешбір ғылыми негізі жоқ, бос сөздер.

\* \* \*

Адамзат білімінің жоғары табысы, оның биік шыңы марксистік-лениндік ғылым болып табылады. Ол ғылым тарихындағы жақсының бәрін мұра етіп, қайта жасады, жаңа қорытындылар жасап, жаңадан асқан зор жаңалықтар ашты.

...Аспанда зуылдаған дауыс естілді. Біз бұрылып қарағанша ол өтіп те кетті. Бұл — асқан жылдамдықпен ұшатын реактивтік самолет. Мұны адам жасады.

Москвада сөйлеп тұрған адамды бүкіл әлем тыңдап отыр. Бұл — радио техникасының жетістігі. Бұл да адамның ақылымен жасалды.

Қазір жануарлар мен өсімдіктер дүниесін құдай жасады деп кім айта алар екен? Бұрын құдай жасады дегендердің бәрін, қазіргі кезде жасаушы — адам екенін кім бекерге шығара алады?

Социализмнің жеңісі нәтижесінде біздің елімізде адамдардың дінге сенімі негізінен жойылды, қанаушы таптар әлдеқашан жойылған қоғамда дінге негіз жоқ. Дегенмен діннен, діни соқыр сенімдерден арылмаған адамдар совет халқының арасында әлі де болса аздап бар. Әрине мектеп жасындағы балалар дінге сенбейді. Олар діннің жоқ екенін күнбе-күнгі оқудан көріп отыр. Алайда «жас буындардың ішінде егерде әлі де дінге сенуші ата-аналары бар болса, олардың жалған ұғымнан арылуына көмектесуге тиіс. Діннің, ырымның зияннан басқа, ешқандай пайдасы жоқ.

*Б. Ильясов,*

ҚЛҚЖО Орталық Комитетінің  
нұсқаушысы.

## ЕКІ ӘТЕШ

Таласып бір әтеш жеңіліп  
Тығылды үйшіктің астына.  
Жеңгені төбеге еліріп,  
Шықты да, салды бар даусына:  
«Кукри-ку-к-к». Мақтанған әтешті  
Қапыда кетті іліп қаршыға.

## БАҚА

Көлбақа күні ұзын  
Бір тыным таппады.  
Жаңғыртты көл ішін,  
Қайталап «бақ-бағы».  
Ереже жаттаған  
Есейге ұқсайды.  
Түсінбей жаттаудан  
Нәтиже шықпайды.

М. ЖАМАНБАЛИНОВ.

Новосибирь облысы.

## ЖАС ТОКАРЬ

— Токарь болу жақсы ғой  
Тетігін білген станок,—  
Деуші еді Мұрат

осы ой  
Зырлады бейне ұшқан оқ.  
Өтті уақыт.

Мезгілді  
Андамапты өзі оның.  
Станок сырын тез білді,  
Мектебінде ФЗО-ның.  
... Шыр айналған станок,  
Оның алып балғасы.  
Цехқа келді ұста боп,  
Арманы іске жалғасып.  
Темірден ұшқын боратқан,  
Жаны рахат тапқандай.  
Ұлы істің Мұрат

болаттан  
Тетігін қалап жатқандай.

САҒЫЙ ЖИЕНБАЕВ,

Қызылорда қаласы.






# „Қасқыр қамау“ ойыны

«Қасқыр қамау» ойыны бұдан жарты ғасыр бұрын қазіргі Қарағанды облысы, Қарсақпай төңірегіне ғана тарап, Қазақстанның басқа жерлеріне онша таныс бола қоймаған. Ойын ескі ауыл тұрмысынан алынған.

Қасқыр қойға шапқанда бірге жүрмейді, екі бүйірден тиеді. Үстінен қасқыр аттаған қой «мал болмайды». Қасқыр оларды тамақтап кетеді. Міне, осы жағдай ойында да сақталған.

Бұл ойынды ойнау үшін ең алдымен беті тегіс таза тақтайға немесе кардон қағазға жақсылап төмендегіше сызып алыңыздар.

Сызықтардың түйіскен жерлеріне қара нөқат қойындар. Ойында 2 «қасқыр» мен 20 «қой» бар. Ойнайтын екі адамның бірі екі «қасқырды», екіншісі «қойларды» жүргізіп отырады. Бір ойын біткеннен кейін ол екеуі ауысып ойнайды.



Ойын басталарда 20 қой бес-бестен төрт топқа бөлініп 17, 19, 23, 25-ші нөқаттарда, ал екі қасқыр 3, 11-ші нөқаттарда тұрады. (7, 15-ші нөқаттарда тұрса да болады).

**1. ҚАСҚЫРЛАРДЫҢ ЖҮРУ ТӘРТІБІ.** Қасқырлардың мақсаты қойларды «жеп», тауысу. Әр уақытта ең алдымен қасқыр жүреді. (Екеуінің бірі). Ойын барысында екі қасқырды кезек жүргіземін десе де, бірін ғана жүргіземін десе де, ойнаушының еркі. Қасқыр бір немесе бір топ қойдың үстінен тіке аттап, екінші бес нөқатқа барып түседі де, бір қойды жейді. Қасқыр бір қойдың үстінен аттаса да, бес қойдың үстінен аттаса да біреуден артық жей алмайды. Желінген қой ойыннан шығып қалады. Ал, бұрыштарда (1, 5, 9, 13-ші нөқаттардағы) тұрған қойларды қасқырлар ешуақытта да жей алмайды.

Қасқырдың жолы бекітіліп, қойды жеуге реті келмеген жағдайда, қалайда қойды жеудің жолын көздеп ол көрші тұрған бір нөқатқа жылжыйды. Қасқыр орталық нөқатқа (21-ші) тік келе алмайды, тек қойларды жеу арқылы секіріп келеді. Мысалы: 15-ші нөқатта тұрған қасқыр 22-ші нөқатта тұрған қойды жеп, немесе 13-ші нөқатта тұрған қасқыр 23-ші нөқаттағы тұрған қойды жеп 21-ші нөқатқа келулері-

не болады. (Онда да әрине, 21-ші нөқат бос болса ғана).

Қасқырлардың бірі тұрған нөқатқа екіншісі келе алмайды яғни екеуі бір нөқатта тұра алмайды және бірінің үстінен бірі секіре алмайды.

**2. ҚОЙЛАРДЫҢ ЖҮРУ ТӘРТІБІ.** Қойлар әр уақытта қасқырдың жолын бөгеуге, оны үстерінен секіртпеуге яғни қасқырға жем болмауға тырысады. Қалайда қасқырды қамап, жүрерге жол қалдырмауды көздейді. Қойлар қасқырдың үстінен де, өзара бірінің үстінен бірі секіре алмайды. Қойлар тек қана бір нөқаттан екінші көрші нөқатқа бір-бірлеп жүреді. Қойлар да бірі тұрған нөқатқа екіншісі келе алмайды. Қойлар орталық нөқатқа (21-ші) жүре береді.

**ОЙЫНДЫ БАСТАУ.** Қасқырлар 3, 11-ші нөқаттарда тұр да, қойлар бес-бестен бөлініп 17, 19, 23, 25-ші нөқаттарда тұр. Бірінші жүрісті қасқыр бастайды.

**ҚАСҚЫР.** Қасқыр, әрине, қойды жеуге тырысады, сондықтан 11-ші нөқатта тұрған қасқыр 23-ші нөқаттағы бес қойдың үстінен секіріп, 15-ші нөқатқа келеді де, бір қойды жейді.

**ҚОЙ.** Жанағы қасқыр қайтадан 11-ші нөқатқа секіріп тағы бір қойды жеп кетпес үшін 25-ші нөқаттағы бес қойдың бірі 11-ші нөқатқа келіп, 15-ші нөқаттағы қасқырдың жолын бөгейді.

**ҚАСҚЫР.** Енді 3-ші нөқаттағы қасқыр 19-шы нөқаттағы қойлардың үстінен секіріп 7-ші нөқатқа барады да, бір қойды жейді.

**ҚОЙ.** 7-ші нөқаттағы қасқыр әлгі орнына қайта секіріп тағы бір қойды жеп кетпес үшін 17-ші нөқаттағы бес қойдың бірі 3-ші нөқатқа барып екі қасқырдың да жолдарын бөгейді.

Енді қасқырларға қойды жеуге еш мүмкіндік жоқ.

**ҚАСҚЫР.** Қасқыр енді 15-ші нөқаттан 22-ші нөқатқа жылжыйды. Өйткені келесі жүрісте 23-ші мен 17-ші нөқаттардың қайсысының үстінен болса да секіруге мүмкіндік туады. Қасқырлар енді қалайда қойларды жеу үшін ұрымтал жолдар табуы керек. Ал, қойлар да қасқырларға жем болмауға, оларды қамап алуға тырысуы керек.

Міне, жоғарыдағы сыяқты кезектесе отырып, ойынды өздерің ойланып ілгері жүргізіндер.

**ТҮСІНІКТЕР:** Әдетте ойын алғашқы басталғанда қасқырлар қалайда 5—6 қойды жейді. Егерде қасқырлар өте тапқырлықпен жүрсе, қойдың барлығын да жеп кетеді. Онда қасқырдың жеңгені. Ал, егерде қойлар өте тапқырлықпен жүрсе 5—6 қойдан артық шығынданбай, қасқырлардың жолын бөгеп, қамап алады. Онда қойлардың жеңгені.

Ойынның барысында қасқырлар 21-ші, 17, 19, 23, 25-нөқаттарға келуге тырысады. Өйткені онда тұрған қасқырларға жан жағына секіруге толық мүмкіндік туады. Екі қасқырдың кейде бірыңғай, қатар жүретін де кездері болып қалады. Бұл — қойлар үшін пайдалы жағдай. Өйткені қойлардың күші бөлінбей барлығы бір бағытқа шабуыл жасайды да, қасқырларды оңай қоршап алуына мүмкіндік туады. Қасқырларды бірыңғай жіберу үшін кейде бір қойды әдейі жемге беруге де болады. Жеуге мүмкіншілік барда қасқырдың жемей кетуге хақысы жоқ.


Он қой мен екі қасқырды қамап алуға болады. Бірақ, бұл өте шеберлікті керек етеді. Тоғыз қойға екі қасқыр ұстатпайды.

М. ДҮЙСЕНОВ.





## Жанды суреттерден түсірілетін фильм



Міне, экранда кішкентай сурет көжек түр: оның құлағы қалқыйған, үстінде көк трусси мен көгілдір жолақтары бар жасыл майка, ал жалпақ қолында футбол добы.

Суретші оны қандай жақсы салған десеңізші. Мына суретінде көжек қандай ғажап!

Әлден уақытта... сурет көжек құлағы секеңдеп, кірпігін қақты... Тіріліп кеткені ме? Көжек допты жасыл шөпті алаңға қойды да, теуіп ала жөнелді... Доп барып қақпалағы торға түсті. Бала аю мен түлкінің күшігі қол соғып жатыр. Балғын қарағайдың бұтақтарында сары шымшық секіріп жүр. Көк шөп үстінде мез-майрам боп сайрандайды. Сауысқан да «дол, гол, гол» деп сықылықтайды.

Бұлардың бәрі де жай суреттер. Сонда мұның өзі немене? Түске кірген бірдемелер емес пе? Жоқ, тіптен олай емес. Біз кинотеатрда кинофильм көріп отырмыз. Біз өзіміздің көз алдымызда жылжып, қыймылдап жүрген суреттер екенін ұмытып кеткенбіз. Фильмге әбден қызыққанымыз сонша, осы бір тамаша суретшінің суреттерді қалай тірілткенін ойламаймыз да.

Ал, осының өзі шынында қалай түсірілген еді? Енді біз адам баласының қозғалмалы суреттер киносы — мультипликациялық киноны қайтіп жасағаны жайында сөз қылмақпыз.

Баяғыда, атам заманда, адамның қолында не қарындаш, не қағаз болмаған кезде, алғашқы қауым суретшісі тастан, ағаштан және сүйектен ойып, табиғаттан байқаған көріністерін суретке салған екен.

Ескі грек крандарының қыйрап-бүлінген қалдықтарынан адамның әркездегі нешестүрлі қозғалыстарын бейнелейтін қызықты суреттерді кәзір де табуға болады. Ерте уақытта Қытайдың талантты суретшілері қарлығаштың ұшуын суретке салған. Карелдер



мен финдер, чукчилер, біздің Отанымыздың солтүстігіндегі және басқа халықтар шауып бара жатқан бұғыны көп аяғымен бейнелеген.

Алайда мұның бәрі кинематография әлі ойлап табылмаған кезде жасалған суреттер еді. Сондай-ақ олар кәзіргідей шын мәнісіндегі мультипликация да емес болатын.

Мультипликация — күрделі сөз. Ол «Мультипликатно» деген латын сөзінен шыққан, дәлме-дәл аударғанда «көбейту» деген мағнаны береді.

Ең тұрпайы мультипликатор аспабы XIX ғасырда ойлап шығарылған. Ол стробоскоп деген аспап еді. Көптеген мектептердің физика кабинетінде бұл аспап бар, оны байыптап көруге болады. Стробоскоп — картон қағаздан жасалып білікке орнатылған барабан. Барабанның ішкі жағында адам мен хайуанаттың белгілі бір қыймыл-әрекетін көрсететін көп сурет тұрады.

Картон қағаздан жасалған барабанның ішінде әрбір суретке қарама-қарсы тар тесіктер ойылған. Барабанды алып, тесіктерге көзіңізді тосыңыз да, үздіксіз айналдыра беріңіз. Сол уақытта барабанның саңылауынан қылтыйып, бейнеленген пішін қозғала бастайды. Экрандағы көжек футболшы сыяқты.

Сіздердің қайсы біреулеріңіз кәдімгі киноленканы көрген шығарсындар? Егер әлгі киноленканы жақсылап қарайтын болсақ, әрбір кадр адамның, хайуанның қыймыл-қозғалысының жеке моменттерін бейнелейді.

Сол сыяқты мұны стробоскопта әрбір сурет бейнелейді. Киноленкада бұл киноаппарат арқылы жүзеге асады. Кино түсіру тұтқасы бір айналғанда бірден он екі кадр түсіреді екен. Сонда бір секундта — жыйырма төрт кадр. Ал, әрбір кадрдың өзі — дайын сурет. Егер киноленканы проэкциялық аппараттан өткізетін болсақ, экраннан үздіксіз қыймыл-қозғалысты көреміз.



Киноаппараттың осы қасиетін байқаған кино қызметкерлері мұндай қыймыл-қозғалысты жасанды жолмен түсіру мүмкіншілігін ойластырды. Яғни олар ең әуелі қыймыл-қозғалысты бейнелейтін көп сурет салып, содан кейін бұл суретті пленкада түсірмекші еді.

Қыймылдайтын суреттердің тұңғыш фильмі біздің елімізде революциядан бұрын-ақ түсірілді. Бірақ мұның өзі қолайсыз жасалған фильм еді. Ұлы Октябрьден кейін ғана қыймылдайтын суреттер өнері кең өркендеді.

Кәзір Совет Одағында тұтас отыз минут жүретін мультипликациялық фильмдер жасалады. Мұның өзі оңай жұмыс емес. Тек бір ғана мысал келтірейік. Сіздер мен біз он-ақ минут көріп шығатын шағын фильм жасау үшін суретшілер 18 мың сурет әзірлеуі керек.

18-мың! Әрине, бұл тек бір суретшінің қолынан келмейді. Егер ол күніне бір суреттен салғанның өзінде тұтас бір фильмге елу жыл керек екен. Әйткенмен сурет фильм бір адамның ғана искусствосы емес. Мультипликация — коллективтік искусство. Оны көп адам: суретшілер, режиссерлар, операторлар жасайды. Совет Одағында арнаулы киностудия — союзмультифильм бар. Бұл студиядан совет балалары сүйіп көрген «Сұр желке», «Қызыл бөрік», «Етік киген мысық», «Салтан патша туралы ертегі» тағы басқа мультипликациялық фильмдер шығарылды.

Москваға орналасқан бұл сурет фильмдер студиясы техниканың соңғы жаңалықтарымен жабдықталған. Ол бүкіл Европадағы ең үлкен студия. Оның неше сан цехтары мен бөлімшелері бар.

Қыймылдайтын суреттерден фильм жасау жұмысы неден басталады?

Еңалдымен, кәдімгі кинодағыдай, сценарий жазылады, кинокартинаның жоспары белгіленеді. Сонан соң режиссер фильмді қоюшы суретшімен бірге болашақ фильм кейіпкерінің сыртқы кескін-кейпін, оның портретін, костюмын, жүріс-тұрысын іздестіреді. Мұның бәрін олар суретке түсіреді, жазып алады. Міне, барлық кейіпкерлердің портреті салынды делік. Бірақ осы кейіпкерлер экранда күлуге, ашулануға, жылауға тиіс емес пе? Енді суретші өз кейіпке-



рін, айталық сол футболшы-көжекті әртүрлі жағдайда суретке салады.

Міне, көжек күліп тұр. Міне, көжек доп қуып бара жатыр. Дәл осы кезде басқа бір суретшілер қағазға, картонға немесе целлулоидқа фильм декорациясын, яғни кейіпкеріміз — көжектің қыймыл жасайтын кезеңін салады.

Кейіпкерлердің портреттері, декорациялар — бәрі дайын. Енді суреттерге жан беретін суретшілер іске кіріседі. Суреттерді көбейтуге лайықталған арнаулы техниканың көмегімен олар жаңағы кейіпмізді доп ойнатады, аю балаларын қол шапалақтатады, сауысқандарды қарағай бұтақтарында секіртіп қояды.

Оператор цехында фильм түсіретін арнаулы станоктер, күндізгідей жарықтың шамдары орнатылған. Оператор ең алдымен станок столында сахнаның қағазға, не картонға суреті салынған фон мен декорациясын жайғастырып қояды. Бұл фонға оператор негізгі суретті — жалпақ табанымен доп ұруға әзірленген көжекті қосады. Суретті орнықтырып, шамдардың сәулесін түсіргеннен кейін оператор кнопканы басып қалады. Кадр түсірілетін болды. Алғашқы бір кадр түсірілісімен, оператор бұрынғы суреттерді алып тастап, оның орнына жаңа суреттер қояды. Міне, өстіп бүкіл фильм түсіріле береді.

Кинопленка айқындалғаннан кейін негативтен позитив басып шығарылады. Дыбыс цехында музыка жазылады, ал актерлер экрандағы мылқау көрініске қарап тұрып, көжектің, не сауысқанның айтатын сөздерін сөйлейді. Мұнда қай актер болса да өз даусына салып сөйлей алмайды, өйткені бейнелеп тұрған хайуанға еліктеу қажет. Мәселен нағыз сауысқанша шықылықтап, нағыз этешше қышқыру керек.

Қыймылдайтын суреттер фильмін, мультипликациялық фильмді біздің елімізде тек балалар ғана емес, сонымен бірге ересек адамдар да қызыға көреді. Сурет фильмдер, еңалдымен совет балаларына арналған сурет фильмдер жасау жолында игі жұмыс істеп, кино қызметкерлері ССРОның кішкентай азаматтарын Отанға шексіз берілген батыл, іскер, сергек етіп тәрбиелеуге көмектеседі.

*И. Саввин.*





## Ғажап қоңырау

Пионерлер бөлмесіне жыйналған физика үйрмесінің мүшелері дереу іске кірісе бастады. Бірінің қолында балға, бірінің қолында қысқаш. Енді бірі динамо машинаны (магнето) айналдырып жатыр.

— Динамо машина ток берсе, электр қоңырауы арқылы бүкіл класқа қоңырау соғып, үзілісті хабарласақ, қандай қызық, қандай тамаша болар еді! — дейді Алуа қуанышты пішінмен.

— Сен оған күмәнданба, Алуа! — дейді сым жалғап жатқан Сәрсенбек Жұмабеков.

Сәрсенбектің ағасы Айтбай Байгекүм МТС-ында механик. Кеше ғана ол осында келіп, жас физиктердің машинасын көріп, біраз кенес берген. Сәрсенбектің қолындағы 200 метр сымды да балалар содан алған.

Физика мұғалімі Исақов келді.

— Біттіңдер ме, балалар?

— Динамо бітті. Оның электр қуатын вольтметрмен өлшеп байқаймыз. — деді Сәрсенбек. Одан кейін екінші сменада оқыйтын 1—4-класс оқушыларына электр қоңырау арқылы үзілісті хабарлаймыз. Кешке болатын «Электр кеші» жыйынына жарық береміз.

— Жақсы. Машиналардың дұрыс жүрсе, қуаты жетеді. Қазірден бастап ток баратын сымды жүргізіп, лампочкаларды дайындап қойыңдар, — деді де оқытушы балалардың ісін зер сала қарап шықты.

— Қәне, Дәме екеуің мына сымды жіңішке шегемен қабырғаны айғыздамай оқу үйіне дереу өткізіп келіңдер, — деді Жұмабеков Алуаға қарап.

Дәме мен Алуа шеге, сым, балға тағы басқа құрал-жабдығын алып шығып кетті.

— Ал, достар, динамо машина дайын, жүргізіп көрейік! — деді Сәрсенбек қасындағыларға.

Машина жүргізілді.

— Станция дайын, пайдалануға беруге әбден болады. Енді тоғінің күшін өлшеп көреміз.

Вольтметр тілі 3,5 вольтті көрсетті.

— Бізге осы ток жетеді, — деді С. Жұмабеков.

— Қазір залға электр қоңырау орнату керек. Оны, Несібелі, сен орында.

\*\*\*

Несібелі пионер бөлмесіне кіре берген кезде, Дәме мен Алуа қуанышты пішінмен қабаттаса кірді. Бұларды қарсы алған Сәрсенбек:

— Іс бітті ме, достар!? — деп келген жолдастарына қарады.

— Өзің көрсеткен жоба бойынша 4 лампочканы орналастырып, сымын осы пионер бөлмесінің терезесінің алдына әкелдік. Енді терезе форточкасынан өткізіп мотормен жалғастыру ғана қалды, — деді Дәме.

— Біздің қоңырау тек соғуды күтіп тұр, — деді Несібелі отыра беріп.

— Енді оларға жарық отын жалғастыратын кнопка жасау керек.

— Ол дайын, — деп Сәрсенбек өзі жасаған серіппелі кнопканы көрсетті.

— Нағыз кнопка, тамаша жасалған, — деді Дәме кнопканы қолымен бір-екі рет басып көріп.

— Біз қазір физика пәнінен оқип үйренген білімімізді іс жүзіне асырып, оны мектеп өміріне қолданғалы отырмыз, қоңырауға, лампочкаға ток баратын сым дайын, — деді Сәрсенбек. — Енді ток лампочкаларға, электр қоңырауға бара ма, жоқ па — соны алдын ала байқау керек. Мен қазір қоңырау соғам. Несібелі, сен байқа, — деп Несібеліні қоңырауға жіберді. Одан соң динамо машинаны қолымен айналдырып қалып еді, залда зың еткен дыбыс байқалды. Несібелі естіге жүгіріп келіп «нағыз қоңырау» деп хабарлады.

— Ал, енді оқу үйіне барыңдар, жарық беремін...!

Дәме, Алуа, Несібелі оқу үйіндегі лампаға кетті.

Сәрсенбек кнопканы басып қалды да, моторды тез-тез айналдырды. Қуана күліп Дәмелер келді. Олар қуанышты дауыспен шулап: «нағыз электр шамы, нағыз шам!» — деп жауап берісті.


— Көптен бері әуреленген іс нәтиже берді, бұл үйірме мүшелерінің игілікті тамаша табысы және мақтанышы. Біз әлі мұндай нәрсенің талайын істейміз. Ол біздің қолымыздан келеді. Енді ісіміздің нәтижесін оқушылар көрсін...

— Қәне, қоңырауынды соқ, шығуға уақыт болды, — деді орта бойлы кекселеу сары әйел пионер бөлмесіне келіп.

Сәрсенбек динамоны зыр өткізіп қолымен айналдырып, кнопканы басып қалып еді, залда шылдырлаған қоңырау даусы естілді. Класстағы оқушыларды жаңадан ерекше соғылған ғажап қоңыраудың даусы елең еткізді.

Ә. Айжанов,

Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Сталин атындағы мектеп.



Каменск орта мектебінің физикалық кабинетінде. Суретте: 7-класс оқушылары Ш. Асанов пен Ш. Жанысбаева. Суретті түсірген А. Бахвалов.





# Дешалыс УАЖЫТЫНДА

Бір килограмм уранның беретін энергиясы үш мың тонна көмірдің энергиясымен тең. Уранның энергиясының қоры барлық көмір, мұнай, жанатын газдың энергиясы қорынан 23 есе көп.

\*\*\*

Бір килограмм сутегін гелийге айналдырсақ, оның қуаты 100 киловат двигательді 2954 жылға дейін, яғни 1000 жыл бойы жүргізуге жетер еді.

\*\*\*

Қазір патефонның пластинкасын ойнату үшін ағаш ине қолданатын болды. Ағаш иненің болат инеге қарағанда ерекшелігі — дыбыс ашық естіледі. Тіпті, ескі пластинканы ойнатқанда да дыбыс анық шығады.

Тәжірибе ағаш инені бамбук ағашынан жасаудың қолайлылығын дәлелдеді.

\*\*\*

Күннің салмағы жерден 332 мың есе ауыр екені, Күннің сыртқы аумағы Жерден 12 мың есе үлкен екені мәлім. Ал, Күннің бір минутте шығаратын жылуы 16,9 миллион текше метр суы бар Солтүстік Мұзды Мұхитты 0° температурада қайнатып, бұға айналдырып жіберер еді. Күннен 150 миллион километр қашықтықта тұрған Жер, Күннің әлем кеңістігіне шығаратын жылуының екі миллиардтан бір бөлігін ғана алады.

\*\*\*

Көлемі бір немесе біржарым шаршы миллиметр күріштің дәніне 382 баспа әрпін сыйғызған Индия еңбекшілерінің тартуын білесіңдер. Ал, Тула қаласындағы шебер Михаил Исаевич Почукаев үлкендігі осындай ғана дәнге 1528 баспа әрпін орналастырған. Ол көлемі төрт шаршы миллиметрге жетпейтін оюға ССРО Конституциясының барлық текстін әріппен тізді. Почукаевті жерлестері мақтанышпен «Қазіргі левша» деп атайды.

\*\*\*

Байқал көлінің картасын қарап отырсаң Селенга өзенінің көлге құятын жерінде Провал деген бұғаз бар. Бұл 1862 жылы жер сілкірудің нәтижесінде бір тәулік ішінде пайда болған.

## РЕБУС



Ребусы дұрыс шеше білгенде М. Горькийдің білім туралы айтқан өсиеті шырады.

Құрастырған Қабдірашид Қайымов.

## ЖҰМБАҚ

Бар ма, жоқ па ніскеп, көріп білмейсің.


Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің.

Н. БАЙСЕРКЕЕВ.

Балқаш


## ШАХМАТ

Этюд



Ойынды ақпен ойнаушы бастайды да, тең аяқтайды.

## АВТОРЫ КІМ?



1. «Штурманның жазғандары» деген кітаптың авторы. 2. «Зоя» поэмасының авторы. 3. «Переяслав радасы» романының авторы. 4. «Отаныма қызмет етемін» деген кітаптың авторы. 5. Лиза Чайкина туралы жазылған романның авторы. 6. «Қаладан келген қыз» — повесінің авторы. 7. Қыйыр Шығыс совет жазушысы. 8. «Кішкентай жұлдыз» — повесінің авторы. 9. «Васек Трубачев және оның жолдастары» деген кітаптың авторы. 10. «Алқызыл гүл» атты әңгіменің авторы. 11. «Корея шайқасуда» атты кітаптың авторы. 12. Батыр баласы туралы кітап жазған ана. 13. «Шыңғысханның» авторы. 14. «Бонувирдің жүрегі» деген кітаптың авторы. 15. «Саша» поэмасының авторы. 16. Балалар жазушысы. 17. «Өмірден әңгімелер» деген кітаптың авторы.

Жіберген А. ШОНАЙБАЕВА,  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Ұлан ауданы,  
Никитинка селосы.

Мұқабаның бірінші бетінде П. Васильевтың В. И. Ленин деген картинасы. Төртінші бетінде «Шаңғымен серуендеу». Суретті салған Н. Лебедев.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Қыйрабаев С. (редактор), Нұрқатов А., Нұрғазин М.

Республикалық газеттер баспасы.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журналы «Пионер».

Подписано к печати 20/X 1954 г. УГ10397. Бум. 84 × 108<sup>1/16</sup> — 0,75 бум., 2,46 п. л. Тираж 15300.  
Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1575.



БАҒАСЫ 1 СӨМ

